

ҚИСЫҚ АЙНА

Балалар әдебиетінің хас суреткері Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» романы жалпы қазаққа таныс туынды. Сол романда Боқшабай деген ұрының айлакерлігі, ептілігі туралы жазады. Боқшабай көкжөтел екен. Жөтелі қысқанда, қылғынып, тоқтаусыз жөтеледі» – дейді. Сол Боқшабай ұрлығының ізін түлкінің жымындай жасырып, дерек қалдырмайтын көрінеді.

ТҮЙМЕ ҰРЛАСАҢ ДА,



ТҮЙМЕ ҰРЛАСАҢ ДА...

Жұрт: «Боқшабай, сен осы ұрлыққа түскенде қалай қорықпайсың? Жөтелін қысып, ұсталып қалмайсың ба?» – деп сұрапты. Сонда айлакер ұры: «Мен қой қорала көксау саулықпын. Сиыр табынының арасында – көрі сиырмын. Түйе қорала күйісінен жаңылған інгенмін» – деп әзілмен жауап береді екен. Онысы рас дейді жұрт. Бір жолы Боқшабай қалмақтардың қорасына ұрлыққа түседі. Ұрыны байқап қалған ауыл иттері шабаланады. Иттердің дауысынан елендеген қалмақтар үйінен жүгіріп шығып, қора-қопсыны аралап, мал көздейді. Сол сәтте шөгіп жатқан екі түйенің ортасына жата қалған Боқшабайды жөтел қысады. Тамағы жыбырлап, мазасы әбден қашқанда, әккі ұры түйенің дауысына салып күрк-күрк жөтеліп, аман қалыпты. Бердібек қаламына арқау болған кешегі заманның ұрылары бүгінде бар.

Ұрлық – қай заманда да ұрлық. Қазіргі ұрылар Боқшабайға ұқсап түйе ұрламайды. Олар түйені жүгімен, биені түгімен жұта салады. Бірақ жазадан құтылып, тап-таза кете береді. Керісінше, түйе емес, түйме ұрлап, айыбы сотта қаралып жататын тұзы жеңіл жандар да бар.

Нақтырақ айтайық! Қостанай облысында бір шелек көмір ұрлаған әйелдің ісі сотта қаралды. Қыркүйектің 29-күні Рязское ауылындағы медициналық бекеттің маңында тұрған 20 келі көмірді сол ауылдың тұрғыны ұрлап кетіпті. Аталған мекемеге бақандай 180 тенге шығын келтірген тұрғынның ісі Қостанай облысы Ұзынкөл аудандық сотында қаралған.

Жергілікті БАҚ өкілдері таратқан хабарламада «Емханаға шығын келтіргені үшін қылмыстық іс қозғалып, «Өзгенің мүлкін ұрлау» бабы бойынша тергеу жүрді» – деп жазылған. Бірақ сот кезінде екі жақ өзара келісімге келген соң, айыпталушы қылмыстық жауапкершіліктен құтылды. Бірақ бәрібір бір қап көмір үшін айыбы сотта қаралып, жауапқа тартылған жоқ па?!

Енді мына қызықты қараныз! Тағы да сол БАҚ-қа жүгінсек, «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының бұрынғы басшысы 50 миллион тенгені талан-таражға салса да, сот залынан бостандыққа шығыпты. Айыпталушы Абат Тасымов өзінің кінәсін мойындап, прокурормен процессуалдық келісімге келген.

Оған Қылмыстық кодекстің екі бабы, яғни «қызметтік өкілеттігін теріс пайдалану» және «құжатты бұрмалау» баптары бойынша айып тағылады. Бар болғаны 600 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, яғни 1 миллион 360 мың тенге шамасында айыппұл салыпты. Бірақ айыпталушы рақымшылыққа ілініп, оны да төлемейтін болады. Алайда қылмыстық жолмен тапқан барлық дүние-мүлкі тәркіленіп, мемлекеттік қызметпен біржолға қош айтысты.

Дөкей онай пайданы жалғыз өзі ғана емес, орынбасары Жанмұрат Есжановпен бірге бөліскен көрінеді. Ал оның орынбасары бұдан өзге облыстың тұрақтандыру қорына 15 тонна жарамсыз құс етін алуға 8 жарым миллион

тенгенің құжатына қол қояды. Сөйтіп, Ж.Есжанов сот шешімімен 1 жарым миллион тенгеге жуық айыппұл төлеп, құтылып кетіпті. Бүгінде корпорацияның осы іске қатысы бар деген тағы бір топ қызметкерінің басына бұлт үйіріліп, тергеліп жатыр.

Еске сала кетейік, А.Тасымов 2014-2015 жылдары Атырау облысындағы болашағы бар жобаларға қаржылай қолдау көрсетіп қана қоймай, одан пайда табу үшін өз қызметін асыра пайдаланған. Нақты айтсақ, тігін цехы мен ет павильонын ашу үшін қомақты пара сұрап, алдына келген кәсіпкерлердің бетін қайтармапты. Олардың қолында қаржыны қайтаруға қажетті кепілдің жоқ екендігін біле тұра, құжатқа қол қоя берген.

Айтпақшы, қомақты қаржыны қақпай-шашпай жұта салғандар өлгі көкжөтел Боқшабай құрлы болмапты. Соқпақбаевтың Боқшабайы түйе ұрлау үшін інген боп жөтелуді кәсіби түрде меңгерген. Ал миллиондап жымқырған дөкейлер ақшаның сылдырын да сала алмайды. Көкжөтел құрлы өнері жоқ. Бірақ олар түйе, бие сияқты ұсақ-түйекке бас қатырмайды ғой. Ол жағына келгенде бұрынғының боқшабайлары қазіргі ебін тауып көп асайтындардың шаңына да ілесе алмайды-ау.

Жарас
КЕМЕЛЖАН

2

АРМАНЫ
ТЕҢІЗДЕЙ
ТЕРЕҢ

ЖОЛ АЛЫСТЫ
ЖАҚЫНДАТАДЫ

4

МЫҢ
БОЯУЛЫ
ШАҺАР

6

ЕҢБЕК –
ШИРАТАДЫ,
ӨМІР – ҮЙРЕТЕДІ

10-11

АПТАНЫҢ САУАЛЫ

– Байқоңырдағы қандай жер елімізге қайтарылады? Қайтарылатын аумақтың радиация мөлшері қай деңгейде?

ЖАУАБЫ

Бейбіт АТАМҚҰЛОВ,
қорғаныс және аэроғарыш



өнеркәсібі министрі:

– Қазақстанға 11,5 мың гектар жер қайтарылады. Ол Төретам мен Ақай елді мекендерінің маңы. Бұл аумақ Сырдария өзені мен теміржолдың бойында орналасқан. Қазіргі таңда халық арасында «Байқоңырдың және оның аумағында орналасқан жер радиацияланған», – деген пікір бар. Бұл – қате. Онда Қазақстан мен Ресейдің тиісті экологиялық қызметі жұмыс істейді. Сонымен қатар қайтарылатын жерде радиация жоқ. Пайдалануға жарамды. Аумақ – Кеңес уақытында да, қазір де техникалық мақсатта пайдаланылмаған. Зымыран да ұшпаған.



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
62,08

DOLLAR
332,72

EURO
393,84

РУБЛЬ
5,52

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



«Дөнекерлеушінің қателігінен болат құрылымының бойында жарық пайда болды. Оны Павлодар мұнай-химия зауытының мамандары жасаған. Мұндай жұмысқа білікті дөнекерлеуші қажет еді. Соның кесірінен бұрын тәулігіне 4500 тонна дизель отын өндіріліп келсе, қазір 600 тоннаға азайып кетті. Кінәні басқару жүйесінен іздеудің қажеті жоқ. Бұл – форс-мажор»

Данияр ТИЕСОВ,
«ҚазМұнайГаз»
АҚ вице-президентінің
міндетін атқарушы



БИЛІК



ЭКОНОМИКАМЫЗ ТҰРАҚТЫ

Биылғы 10 айдың қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнім 4 пайызға тұрақтап, еліміздің транзиттік көрсеткіші едәуір өскені байқалады. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауында болған Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев мәлім етті. Сондай-ақ кездесу барысында Елбасы үкіметтің жыл басынан бері атқарып жатқан жұмыс нәтижесіне тоқталып, экономиканың түрлі секторындағы мемлекеттік және салалық бағдарламаны одан әрі сапалы іске асырудың маңыздылығына назар аударды.

Қазақстан Президенті «Жыл аяқталып келеді. Осы уақыт ішінде көп жұмыс 2,1 пайызға өскен. Барлық 6 сала бойынша қысқа мерзімді экономикалық

атқарылды. Біз ЭКСПО көрмесін, Ислам ынтымақтастығы ұйымының ғылым және технологиялар жөніндегі саммитін өткіздік. Басқа да салалардағы жобаларды жүзеге асырып жатырмыз. Жалпы, экономикамыз индикатордың он өсімі байқалуда. Жыл соңына дейін еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін арттыруға бағытталған жобаларды іске асыру арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізу жоспарланған. Бұдан бөлек, үкімет басшысы жалпы капиталға салынған инвестиция көлемі 6,5 пайызға өскенін тілге тиек етті. Б.Сағынтаев «Өзіңіздің берген тапсырмаңыз бойынша үкіметтің барлық

тұрақты дамып келеді», — деді. Б.Сағынтаев мемлекет басшысына әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындысын баяндап, бірнеше көрсеткіш пен индикатор бойынша он өзгеріс бар екенін атап өтті. Нақты сандарға тоқталсақ, өндіріс 7 жарым пайызға, ауыл шаруашылығы бағдарламасының орындалуы қатан қадағалануда. Оның барлығын жергілікті жердегі әкімдік атқарып жатыр. Биылғы көрсеткішімізде ішкі жалпы өнімнің өсуі 4 пайызға жетті. Оның ішінде мына қысқа индикаторларға келетін болсақ, барлық алты сала бойынша өсім бар. Негізгі бізге күш беретін транспорт. Біздің транзиттік әлеуетіміз өсуде. Сіздің тапсырмаңызбен іске қосылған Қорғастағы орталық пен Ақтау порты біздің транзиттік әлеуетімізді күшейтіп отыр», — деді. Мемлекет басшысы Бақытжан Сағынтаевқа бірқатар нақты тапсырма берді.

(Өз тілшіміз)



ЕУРОПА ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Каспий теңізінде порттар арқылы жүктерді қайта тиеудің жалпы көлемі 2020 жылға қарай шамамен 25 млн тоннаны құрайтын болады. Оның ішінде Құрық паромдық кешені жүктерді қайта тиеудің 4 млн тоннаға дейінгі көлемін қамтамасыз етеді. Бұл туралы «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айтылған. Жалпы аталған бағдарлама аясында елімізде алысты жақындатып, ел экономикасының дамуы үшін атқарылып жатқан жұмыстар жеткілікті. Елбасы соның бір парасын «Астана клубының» үшінші мәжілісінде баяндады.

Алқалы жиында Ресей ғылым академиясы (РФА) Қиыр Шығыс институтының директоры Сергей Лузянин мемлекет басшысы Н.Назарбаевқа «Нұрлы жол» бағдарламасы туралы сұрақ қойды. Елбасы Қазақстанның теңізге шығатын жолдары жоқ екенін атап өтті. 1991 жылы Кеңес одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде жолдардың барлығы Ресейге бағытталған еді. Еліміз ең алдымен Қытайға қарай теміржол салып, өз сауда-саттықты

жандандырды. Аталған бағдарлама аясында 2 бесжылдықта 7,5 мың шақырым жол салынған. Президент «Бірінші бесжылдықтың өзінде-ақ Қазақстандағы барлық әуежайды ретке келтірдік. Каспий теңізінің жағасына екі заманауи теңіз портын салдық. 2015 жылы Қытай төрағасы Си Зинпин алғаш рет біздің университетімізде «Бір белдеу – бір жол» жоспарын жариялады. Жоспар мен біздің бағдарлама бір-бірімен керемет сәйкес келді. Әрине, біз осы жолды қолдалық», — деді. Мемлекет басшысы елімізге Қытайдан екі теміржол келетінін тілге тиек етті. Аспан асты елінің шекарасынан Еуропаға Қазақстан арқылы өтетін 3 мың шақырым бірінші санатты автожолға салынды. Н.Назарбаев «Біз ұлан-ғайыр дала төсін қас жарты өтетін теміржол магистралін, Қытайдан Каспий теңізіне дейінгі 1 500 шақырымға созылған жол небәрі екі жылда бітті. Түркіменстан — Иран арқылы өтетін Парсы шығанағының Бөндар-Аббас портына баратын, одан Үндістанға шыға алатын теміржолды салдық. Біз, міне, осындай шараларды қарастырдық. Тәуелсіздікті алған жылдары Қытаймен



арадағы сауда нөлге тең болды. Қазір оның көлемі 15 млрд долларға жетті. Бұрын Қытайдан шыққан контейнер ешқашан Еуропаға жеткізілген емес. Тек өткен жылдың өзінде контейнерлермен Қытайдың шығыс провинцияларынан Еуропаға 4 млн тонна жүк жеткізілді», — деді. Еске сала кетейік, осы аптада Елордада Астана клубының үшінші отырысы өтті. Оған 27 елден 60-тан астам мейман келді. Оның қатарында Түркияның бұрынғы президенті Абулла Гүл, Чехияның бұрынғы басшысы Вацлав Клаус пен Словенияның бұрынғы көшбасшысы Данило Тюрк сияқты танымал саясаткерлер бар. Алқалы жиында сарапшылар Еуразияның даму келешегін талқылады. Еліміз бұл жолы да төрт тарапты ымыра-бірлікке, сенім мен серіктестікке шақырды.

Зарина КИБАЕВА

Байқау

Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының іріктеу кезеңінің нәтижесін жария етті. Бұл туралы министр Фейсбуктегі жеке парақшасында жазды.

Министр өз жазбасында «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының алғашқы кезеңі аяқталды. El.kz порталында жалпыхалықтық онлайн-дауыс беру арқылы жобаның іріктеу кезеңінен өткен 102 жеңімпаз анықталды. Осы орайда, әділдік үшін дауыс саны бойынша алғашқы жүздіктен сөл ғана төмен тұрған екі үміткерді де тізімге қосуды жөн санадық», — деп мәлімдеген.

Оның айтуынша, жобадан 340 мыңнан астам қазақстандық өздері таңдаған тұлғаларға 1 миллион 376 мың дауыс берген. Д.Абаев «Осының өзі жобаның қоғам үшін маңызды болғанын көрсетеді. Ендігі жерде үлкен жұмыс басталмақ. Қазіргі уақытта ақпарат және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Халқы ассамблеясымен бірлесіп, іс-шара жоспарын әзірлеуде», — дейді.

Дәурен Абаев жоба жеңімпаздарының есімі ел табыс тарихының жаңа парақтарына айналады деген сенім білдірді. Министр «Осы орайда жобаға атсалысқан барша жұртшылыққа – еліміздің жаңа есімдері туралы жан-жақты ақпарат берген журналистерге, бізге қолдау көрсеткен еріктілер мен қоғамдық ұйым мүшелеріне алғыс білдіремін. Өтінімдерді жинау барысында елімізде мақтан етуге де, өскелең ұрпаққа үлгі етуге де лайықты мыңдаған бірегей жандардың бар екеніне куә болдық. Осынау жаңа есімдер арқылы тұтас Тәуелсіз еліміздің табыс тарихының жаңа парақтары ашылмақ», — деп жазды.

«100 жаңа есім» жобасына әр саладан үкіленген кіл мықты үміткерлер қатысып жатыр. Сол жүйріктердің арасында өзінің біліктілігімен, өз мамандығына деген шексіз махаббатымен көзге түсіп, Маңғыстау облысының атынан таңдап алынған теңізші қыз Жанар Ибраеваның өмір жолы мен арман-мұраты туралы тоқталғанды жөн көрдік.

Еркін елдің еңсесін тіктеп, қарқындалп дамуына өз үлесін қосып отырған Маңғыстау өңірінің өркендеуі, өрлеуі жолында еңбек адамдары күш-жігерін, тәжірибесін сарп етті. Аймағымыздың экономикасының әртараптандырылып, әлеуметтік жағдайының әлденуінде олардың қажырлы қайратының үлесі жатыр. Мәдениеттің шырағын маздатқан өнер адамы да, спортты серік еткен сандлақ та, он саусағынан өнер тамған ісмер де, төрт түлікті түлеткен малшы да, тыныштығымызды күзеткен теңізші де, мәртебелі мұнайшы да, құрыш білек құрылысшы да — бәрі-бәрі ел игілігіне еңбек етіп жүрген қадірлі жандар.

Толағай табыстың, берекелі байлықтың бастауы — еңбек. Өңірімізде кәсіп пен мамандықтың түр-түрін менгеріп, ерлермен иық тіресе еңбек етіп жүрген жандардың



100 ЖАҢА ЕСІМ АНЫҚТАЛДЫ

ішінде 1814 әскери бөлімі «Орал» зымыран- артиллериялық жауынгерлік кемесінің байланысшы маманы Жанар Ибраева да бар.

Ақтөбе өңірінде теміржолшылар отбасында дүниеге келген Жанар бала кезінен теңізші болуды армандады. Жастайынан ерекше киімдегі, болмыс- бітімі бөлек әскерилерге еліктеп өскен балауса бойжеткен зангерлік мамандықты бітірсе де әскери салаға баруға бекінді. Алғашында ата-анасы қарсы болғанмен кейін перзентінің

сапарлататын сәтте қобалжып, аландады. Қорқыныш пен сенімсіздікті алдыма қойған максатым арқылы жеңіп шықтым. Әкіпаж құрамында

«Қазақстанның «100 жаңа есім жобасы» – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяны арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан)

жүрек қалауымен таңдаған мамандығы бойынша еңбек етуіне мүмкіндік беріпті. Сөйтіп, 2011 жылы Астана қаласындағы Қазақстан Қарулы Күштеріне қарасты әскери-теңіз күштерінің бас қолбасшылығына жұмысқа орналасты. Қызықты да қиын мамандықты таңдаған ару кенседе отырып, әскери бөлімдермен байланысқа шығып, жан-жақтан ақпарат жинайтын.

ретінде өз қызметімді абыройлы, жауапты атқаруға тырысып жүрмін, — деді теңізші қыз.

Еліміздің әскери-теңіз күштерінде еңбек ететін тұңғыш қыздың кемедегі міндетіне байланысты қатан қадағалау кіреді. Мәселен, кемедегі әртүрлі жағдайға



менімен бірге еңбек ететін ер-азаматтар маған сенімсіздікпен қарады. Қиындықтарға төзіп, артылған сенімнің үдесінен көрінгендіктен маған қатардағы теңізші ретінде сыйластық танытып, қабылдады. Мен жауынгер

Жанар өткен жылы Ресейде Елбасы Н.Назарбаев атын берген «Атамекен» құрғақ жүк кемесін суға түсіру салтанатына қатысып, сол кеменің «Кіндік анасы» атанды. Еліміздің қорғаныс министрлігі ұйымдастырған «Батыр



АРМАНЫ ТЕҢІЗДЕЙ ТЕРЕҢ

— Менің кенседе отырып жинаған мәліметтерім, күнделікті қызмет барысы әскери-теңізші болуыма, мамандықтың қыр-сырына үнілуіме әсер етті. Апталап, айлап үй көрмей, үнемі теңіз төрінен табылатын теңізшілердің еңбек жолы мені қатты қызықтырды. Отан алдындағы қызметімді теңіз бетінде жалғастырып, Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінің шекарасын қорғауды мақсат еттім. Әскери кемеге алғаш мініп, көк айдына

байланысты дер кезінде жалауша іліп, өзге кемедегі әріптестеріне белгі береді.

2015 жылы еліміздің әскери кемелері Каспий жағалауы елдерін аралап, мүмкіндіктерін паш еткен-ді. Бірнеше ай бойғы үзіліссіз дайындық пен оқу-жаттығудан өткен жауынгерлер ашық теңіз бетінде біліктілік мен білімінің деңгейін көрсетті. Шет мемлекеттердің шекарасында елімізде құрастырылған отандық кемеден оқ атылып, зымыран ұшырылып, қорғанысымыздың әлеуеті таныстырылды. Теңіз бетіндегі төтенше жағдаймен күрес түрі де шетелдік мамандар тарапынан жоғары бағаланды. Осы оқу жаттығудың кезінде теңізші ару Жанар да ерлермен бірге еңбек етіп, кәсіби шеберлігін көрсетті. Сонымен қатар тұңғыш рет 2015 жылы өткен «Каспий теңізі» сайысында Орал қаласында құрастырылған «Сарыарқа», «Орал» зымыранды-артиллериялық кемесі қатысты. Байқау барысында жауынгерлік байланыс бөлімінің техникі Жанар байланысқа шыққанда дүйім жұрт таңғалған-ды. Әскери-теңіз күштерінде қыз баланың жұмыс істейтініне тандай қаққан басқа елдің экипаж мүшелері теңізші арумен арнайы келіп танысыпты.

арулар» республикалық жарысында еңбегі ерге бергісіз теңізші қыз топ жарып, жүлдегер атанды. Жанар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жариялаған «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» жобасына қатысуға, «100 жаңа есім» жобасына енуге лайық деп ұсынылды.

Жанар Ибраева «Маңғыстау облысына биыл Жоғарғы бас қолбасшы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев келгенде, мен Қазақстанның қорғаныс саласындағы тұңғыш адмирал қыз болуды армандайтындымыз жеткіздім. Елбасы маған бұл арманымға жететінімді айтып, қызметіме табыс тіледі. Ұлт көшбасшысының бір-екі ауыз сөзі маған өршіл рух, жасампаз жігер беріп, «дүниенің кетігіне кірпіш болып» қалануыма саралы ой салды. Мен құлшына жұмыс істеп, өз ісінін білгірі, мерейлі еңбектің майталманы болуға тырысамын. Мен үшін «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» жобасына қатысу — үлкен мәртебе мен құрмет. Халықтың, басшыларымның, әріптестерімнің маған артқан үмітін ақтауға тырысамын», — деп ағынан жарылды.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ, Маңғыстау облысы

Күре жол

Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев «Жолдың адам үшін маңызы зор. Жол арқылы экономиканың басқа салалары да дамиды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев осы бағытта үлкен жұмыс атқарып жатыр. «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы Қазақстанның барлық облыс орталығы Астанаға қосылады. Қазір жоспар 90 пайызға орындалды. Тек

Ауыл мен ауылды, ел мен ел арасын жалғайтын жол стратегиялық маңызын ешқашан жоймайды. Көптен күткен «Ақтөбе-Атырау-Астрахань» бағытындағы автокөлік жолының басталғаны – еліміз үшін үлкен жаңалық болып отыр.

Министрдің мәлімдеуінше, екінші техникалық санат параметрімен алты жолақты жолға асфальтбетонды жабынды төсеу көзделіп отыр.



«Кандығаш — Мақат» учаскесі бойынша,

мердігер ұйым анықталып, бүгінде компаниямен арада ұзындығы 299 шақырымды құрайтын жеті учаскеде құрылыс жұмысын жүргізу бойынша келісімшарт жасалған. Министр Жеңіс Қасымбек «Ұзындығы 156 шақырым болатын «Ақтөбе — Кандығаш» учаскесі бойынша, конкурстық процедура жүргізілуде. Ислам даму банкінен 215 миллион доллар сомасында займ алу туралы келісімге қол қойылмақ. Құрылыс жұмыстары барысында нысанда шамамен екі мың адам жұмыс істейді. Оның шамамен 90 пайызы жергілікті тұрғындар болады», — деді.

Ерекше атап өтерлігі, «Нұрлы жол» бағдарламасында еліміздің барлық облыс орталықтарын автомобиль жолы арқылы Астанамен байланыстыру көзделіп отыр. Сала мамандары қазіргі уақытта бұл жоспардың 90 пайызға орындалғанын айтуда. Енді жоба толықтай іске асырылған уақытта, батыс аймақтағы облыс орталықтары да еліміздің бас қаласымен жана технологияға негізделген жол арқылы байланысады. Екіншіден, транзиттік жүк тасымалы артады. Үшіншіден, Еуропа мен Азияның арасындағы транзиттік қарым-қатынас жандана түсері даусыз.

«Президент тапсырмасы бойынша, Орталық — Батыс дәлізімен Ақтөбе — Атырау жол учаскесінің құрылысы басталды. Жол құрылысы кезінде Қарауылкелді және Шұбарқұдық ауылынан айналма жол салынады. Жергілікті мердігерлер де құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Құрылысқа қажетті қиыршық тас, құм сынды материалдар жергілікті жерден алынады», — деді комитет төрағасы Мереке Пішембаев.

«Ақтөбе — Атырау — Астрахань» бағытындағы тасжолдың жалпы ұзындығы 432 шақырым. Жол құрылысы 2020 жылға қарай пайдалануға беріледі деп күтілуде.

«ҚазАвтоЖол» АҚ Атырау облыстық филиалының директоры Жантас Шәріповтің айтуынша, заманауи талаптарға сай салынатын жол Аққыстау, Тұшқықұдық ауылдарын да айналып өтеді.

Ескі жолдың беткі қабаты қырылып, үстіне жаңадан қажетті материал мен қайыршақты-мастикалық асфальт

жолдың жобалық-сметалық құжаты дайындалды. Ақтөбе облысына тиесілі 329 шақырым жолдың 79 шақырымы І категориямен, өзгесі ІІ техникалық категориямен салынады. Қазіргі кезде жолдың жамандығына қарамастан, тәулігіне 14 мың көлік жүреді», — деді.

Асылында, елдегі инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне Президент Нұрсұлтан Назарбаев ұдайы ерекше назарда ұстап келеді. Қазақстан Президентінің 2014 жылғы «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты Жолдауында «Қазақстан — ұшқан құстың қанаты талатын



E-mail:
jas.qazaq@mail.ru

АҚТӨБЕ мен



Атырау, Ақтау, Аркалық қалалары қалып отыр. Жолдар іске қосылған кезде Қазақстанның барлық облыстары заманауи жолмен байланысады, орталықпен қосылады, транзиттік көліктерге жағдай жасалады. Еуропа мен Азияның арасындағы қарым-қатынас жанданады», — деді.

Ал инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында жоспарланған «Ақтөбе — Атырау» бағытындағы тас жол жана технологиямен салынуа. Бастысы, аталған жоба — екі облыс орталығын қауіпсіз, әрі ыңғайлы жалғау мәселесін шешіп, жолға кететін уақытты айтарлықтай қысқартуға ықпал етеді. Бұл — жол апаты азайып, тақтайдай тегіс жол облыс аралық байланысты одан әрі нығайта түседі деген сөз.

АТЫРАУДЫҢ АРАСЫ

Белгілі болғанындай, стратегиялық жолды жөндеу жұмысы 2018-2020 жылдары жүргізіледі. Министрлікке қарасты автомобиль жолдары комитетінің төрағасы Мереке Пішембаевтың айтуынша, аталған жолды кеңейтіп, жаңғырту жұмыстары халықаралық талапқа сай жүргізіледі. Жол бойы жарықтандырылады. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан құрылыс — Ақтөбе облысына тиесілі 329 шақырым жолдың 79 шақырымы І санатпен, өзгесі ІІ техникалық санатпен салынады. Оның құрылысына жергілікті мердігерлермен бірге, Италия, Әзірбайжан, Түркия, Оңтүстік Корея елдерінің құрылыс компаниялары да атсалысады.

төселеді. Бұл әдістің елімізде қолданысқа енгеніне бес жылдан астам уақыт өткен. Бірақ Атырау облысында бұл технология алғаш рет қолданылғалы отыр.

Айта кетелік, Атырау облысында автомобиль жолы саласындағы үлкен жоба соңғы рет 2008 жылы жүзеге асырылды. Ол кезде «Атырау — Бейнеу», «Атырау — Орал» бағытындағы жолдар салынды. Ал Атыраудан Астраханға баратын жол құрылыс жұмыстары да келесі жылдың көктемінде басталады.

Ал «ҚазАвтоЖол» АҚ Ақтөбе облыстық филиал директоры Бағлан Баймағамбетов «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында

Серпін

Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келген үкімет басшысының бірінші

орынбасары Асқар Мамин бастаған делегация өңірдегі «Нұрлы жол» және Қазақстанның индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асырылу барысымен танысты. Құрамында инвестициялар және даму вице-министрі Роман Скляр, ұлттық экономика министрінің орынбасары Айбатыр Жұмағұлов, «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясының президенті Қанат Алпысбаев, «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының президенті Ермек Қизатов, «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Омарходжоев бір жұмысшы топ бағдарлама шеңберінде қолға алынған жобалардың жұмысымен танысты.

сай болуы қажет», — деп әуежай аумағы мен теміржол жүйесін кеңейтуге байланысты бірқатар ұсынысын жеткізді.

Сонымен қатар Шымкент қаласынан екінші теміржол желісін салу жайына тоқталып, Ташкент-Түркістан теміржол қатынасын дамытуды ұсынды.

Жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Дархан Сатыбалды көпшілікке Шымкент әуежайын дамытуға байланысты әзірленген жобамен таныстырса, «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ-ның президенті Қанат Алпысбаев миллионға жуық тұрғыны бар Шымкент қаласында халықаралық жолаушылар хабын қалыптастырудың қажеттілігіне тоқталды.

Компания басшысы «Шымкент әуежайы республикада қарқынды дамып келе жатқан әуе айлағы. Бүгінде шетелдік авиакомпаниялар осы облыстан Үрімжі, Киев, Дели, Дубай, Тегеран, Бейжің, Прага бағыттары бойынша рейс ашуға қызығушылық танытып отыр. Бұл өз кезегінде өңір экономикасы мен әуежай қуаттылығының артуына ықпал етеді», — деді.

Тараптарды мұқият тыңдаған Асқар Мамин Шымкенттің әлеуеті зор индустриялық,

қамтылды. Қазір теміржол желісі салынып жатыр. Мұнда азық-түліктің барлық түрі сақталады. Негізінен, орталық жұмысын екі бағытта жүргізуді көздеп отыр. Біріншісі — логистиканы дамыту, екіншісі — азық-түлік белдеуін қалыптастыру. Нысан толық қуатына көшкенде, өнімдерді ішкі-сыртқы нарыққа шығарудың оңтайлы жүйесі жасалады. Бұл әлемдік нарыққа шығуға үлкен мүмкіндік береді», — дейді.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары орталық жұмысын оң бағалап, құрылысты тезірек аяқтауды тапсырды.

КІРПІШКЕ СҰРАНЫС КӨП

Асқар Маминнің жұмыс сапары одан әрі қарай Ордабасы ауданында орналасқан «Агро V» кірпіш зауытында жалғасты. Кәсіпкер Нүрәлі Әбішов қонақтарға қытайдың технологиямен жабдықталған зауыттың кірпіш шығару процесімен таныстырды. Айта кетейік, индустрияландыру картасына енген зауыт жылына 25 миллион кірпіш шығаруға қауқарлы. Қысы-жазы бір толастамайтын зауытта 60-тан аса жергілікті

азаматтар жұмыс істейді. Олардың қолынан шыққан күйдірілген кірпішке бүгінде қарқынды жүргізіліп жатқан тұрғын үй құрылысынан сұраныс мол. Себебі отандық өнімнің өзге елдерден келетін кірпішке қарағанда, сапасы жоғары бағаланады.

ТӨРТ ЖЫЛДА — 6816 ПӘТЕР

Астаналық қонақтардың облысқа жасаған бір күндік жұмыс сапары әкімшілік-іскерлік орталығында бой түзеп жатқан тұрғын үйлердің құрылыс алаңында түйінделді. Мұнда «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында қолға алынған көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысымен танысып, өңірдің бұл саладағы мүмкіндігіне қанықты. Облыс әкімінің орынбасары Дархан Сатыбалды облыстағы тұрғын үй құрылысының жай-жапсарын баяндап, өңірде 1 миллион 700 мың шаршы метрден асатын тұрғын үй қорын құрудың қажеттілігін алға тартты. Бұл кредиттік үй сатып алуға мүмкіндігі жоқ 35 отбасыны арендалық баспанамен қамту үшін қажет көрінеді.

Дархан Амангелдіұлы «Бүгінде облыста «Нұрлы жер» бағдарламасымен көпқабатты 364 тұрғын үй салынып жатыр. Оның 96-сы ипотекалық, 107-сі жеке кәсіпкерлердің есебінен тұрғызылса, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшылары үшін 73 кредиттік тұрғын үй бой көтеруде. Мұның алғашқы легі жақында пайдалануға берілді. Қалғаны жақын күндері ел игілігіне ұсынылады. Жалпы, алдағы төрт жылда 6816 пәтер өз ісін табатын болады», — деді.

Түс ауа Асқар Мамин бастаған делегация Шымкент-Ташкент бағытындағы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің жұмысымен танысты.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Оңтүстік Қазақстан облысы

Бірлік

«БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі тұрақты емес мүше мәртебесінде және түрлі дауларда делдал ретінде

көз жеткізіп отырғанымыздай, ұзақ

мерзімді тұрғыда әлемге ғаламдық басқару жүйесін реформалау қажет. Шамалы ұмытылған «қайта жүктеу» термині өзектілігі қайтадан жандандырылуда. Қазақстан Президенті де бұл тақырып бойынша ең жоғарғы мінберлерде шығармашылық және прагматикалық сипатта бірнеше рет айтқан болатын. Әлемдік мәселелерді шешу бойынша Н. Назарбаевтың көзқарасы «Әлем. ХХІ ғасыр» бағдарламалық манифестінде сипатталған». Бұл туралы сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Елордада өткен «Астана клубында» айтты.



ШИЕЛЕНІСТІ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Министрдің пікірінше, еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағыты ғаламдық пен өңірлік архитекстураның қайта құрылуының және көпполярлы әлемнің орныксыз сипатта қалыптасуының аясында өтуде. Мұндай жағдайда қазақ дипломатиясы «стратегиялық» байсалдылыққа, шиеленісті бөсендетуге, айқын айырмашылықтарды құрметтеу мен ортақ

мүдделерді өсіру негізінде сенім шараларын бекемдеуге шақырады.

К. Әбдірахманов «Еуразиялық жобалардың сәттілігі Орталық Азиядағы ынтымақтастыққа едәуір тәуелді. Трансконтиненталдық мега жобалардың іске қосылуы мен ішкі тұрақты дамудың талаптары Орталық Азия мемлекеттерін еуразиялық тақырыпқа деген қатынасын айтарлықтай қайта қарастыруға итермеледі», — деді.

Сондай-ақ алқалы жиында Астана клубының мүшелері Президент Н. Назарбаевтың ядролық қарусыздандыру, терроризм және экстремизммен күрес, БҰҰ тұрақты даму максаттарына қол жеткізу мен оны реформалау бойынша халықаралық бастамаларын жүзеге асыру барысымен таныстырылды.

Ұлжалғас БОРАНБАЙ

Жиын

Жуырда Ташкентте Шанхай ынтымақтастық ұйымы Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы (ШЫҰТ)

АТҚ) ұйымдастырған «Терроризммен күрес — шекарасыз ынтымақтастық» атты V ғылыми-практикалық конференция өтті. Оған Қзақстанның БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілі Қайрат Омаров БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1267 және 1988 санкциялық комитеттер төрағасы ретінде қатысты.

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Еліміздің сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, конференция барысында халықаралық террористік ұйымдардан туындайтын қауіп-қатерлерге қарсы тұруда өзекті мәселелер қарастырылды. Алқалы жиынға қатысушылары әлемдегі қазіргі жағдайды болжаудың тұрақсыздығы мен күрделілігін атап өтті. Таяу Шығыстағы антитеррорлық күштердің және аймақтағы лаңкестерді қысу бойынша өткен сәтті операциялардың нәтижесінде, көптеген лаңкестің әлемнің басқа да бөлігіне, соның ішінде Ауғанстанға

көшіп жатқандығы байқалуда. Конференцияда ғаламдық торлы лаңкестік және экстремистік максаттарда пайдалануға қарсы тұру, сондай-ақ терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдарды үйлестіру бойынша шараларға ерекше назар аударылды.

Қ. Омаров БҰҰ-ның ДАИШ және «Әл-Каида» туындаған қауіп-қатерлерге баға берді және аталған лаңкестік топтардың Ауғанстанның солтүстік аймақтарында күшейіп жатқандығын атап айтты. Конференцияға қатысушылардың назары аталған лаңкестік ұйымдарға қарсы тұруда санкциялық режимдердің басты ерекшелігіне, сонымен қатар БҰҰ мүше мемлекеттері бұл тетіктерді өзінің терроризмге қарсы күрестің ұлттық стратегиясында қолдану қажеттігі туралы айтылды.

Жиынаға қатысушы



мемлекеттер халықаралық қоғамдастықтың жаһандық терроризмге, олардың желілерін уақытылы тоқтату қабілетін арттыруға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі санкциялық комитеттерімен тығыз ынтымақтастық нығайтуға шақырылды.

Айлас ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

жолдарының 23 мыңнан астам шақырымы республикалық күрежол, бұны — 12 мың 301 шақырымы халықаралық мәртебегідегі жол болса, 62 636 шақырым жол жергілікті, яғни облыстың, ауданның ішкі жолы. Елбасы Н.Назарбаевтың арнайы тапсырмасымен осыдан 3 жыл бұрын «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы түзілген болған. Одан сол ертерек, яғни осы аталған бағдарламаның әзірленуіне негіз болған, «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» деп аталатын мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы жарияланған еді. Сол Жолдауда Елбасы «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында атқарылатын жұмыстарды жөне олардың қалай, қандай бағыттар бойынша істелетінін нақты көрсетіп берген болатын. Еліміздің түкпір-түкпіріне дейін баратын жолдар орталықтан, яғни Астанадан аймақтарға

«Жол азабын жүрген білер» дейді қазақ. Расында, шан қиыр даланы бағзы заманда балаларымыз атпен-ақ ойқастаған, іргінің адамы темір көлікпен құстай да, ұзақ жол ішектей созылып жатады. Аумағында күре тамырдай тарамданып тпы қолданыстағы автомобиль жолдардың 28 мың шақырым екен. Бұның ішінде жалпы істастағы және шаруашылық қолданыстағы . Енді осы жолдардың өзі халықаралық, тикалық және жергілікті деп үш санатқа інеді. Енді осы жолдардың жағдайы ндай, қай жерде не істеліп жатыр? – деген мәселені сәл тарқатып көрейік...

қозғалысы ашылды. Батыс Еуропа- Батыс Қытай, Астана – Теміртау, Алматы – Қапшағай, Қапшағай – Балтық б.і, Бейнеу – Шетте және Көкшетау – Петропавл аймақтарында транзиттік келік дәліздері толық аяқталған. Енді осылардың ішінде бөлек-бөлек тейімдерді алып қарайықшы. Бір кезде еліміздің батысынан оңтүстігін безбендей өтіп, Алатаудың бөктеріне қарай келетін жолмен автокөлікпен жүріп өту деген «тозақ» еді. Ең қиын бөлігі, ел аузында «өлім даласы» аталып кеткен Ұйғыз даласындағы жол еді. Не қыста, не

143,5 млрд теңгесі Ұлттық қордан шыққан.

Жоғарыда айтылған Орталық-Оңтүстік, Орталық-Шығыс бағыттарының кейбір бөліктерінде жүріп жатқан құрылыс жұмыстары жалғастырылмақ. Оның ішінде Бейнеу-Ақтау, Ақтөбе-Атырау және Талдықорғанда кіреберістігі бірнеше шақырым жол. Сондай-ақ Астанадан солтүстікке қарай шыққандағы Петропавл бағытындағы жол мен Орал-Камека арасындағы та жолдар да қайта салынып жатыр. Бұлардың жалпы ұзындығы 1,2 мың шақырым болады.

Будан бөлек, биыл Кандыағаш-Макап, Жетібай-Жаңаөзөн, Құрты-Бурылбайтал, Талдықорған-Өскемен, Мерке-Бурылбайтал, Қалбатау-Майкапшағай, Үшарал-Достық, Бейнеу-Ақжігіт, Таскескен-Бакты, Осинов өткелі, Щучинск-Зеренді сияқты, жалпы ұзындығы 2,5 мың шақырым болатын, жана жобаларды жүзеге асыру қолға алынған болатын. 9 айда осы іске асырылып жатқан жобалар бойынша, 177,5 млрд тенге жұмсалып, 75 мың адам жұмыспен қамтылыпты. Бұл дегеніміз – қазіргі қымбатшылық



Бөлінген қаражат толық игерілді және 9 жоба іске асырылды:

Батыс Еуропа - Батыс Қытай, Орталық - Оңтүстік, Орталық - Шығыс,
Бейнеу - Ақтау, Алматы - Өскемен, Астана - Петропавл, Жезқазған - Петропавл,
Ақтөбе - Атырау және Орал - Каменка.

Жол-құрылыс жұмыстарымен Қазақстанның 2 мың км қамтылды.
Батыс Еуропа – Батыс Қытай транзитті дәлізі, Астана – Теміртау,
Алматы – Қапшағай, Қапшағай – Балық би, Бейнеу – Шетпе
және Көкшетау – Петропавл уақселері бойынша қозғалыс толық ашылды.
Сонымен қатар, Павлодар қаласына Ертіс өз. арқылы өтетін ұзақтығы

12 шақырымды құрайтын Орталық Азиядағы ең ірі көпір өткелінің құрылысы аяқталды

Биылғы жылы автожолдар реконструкциясына **356,2** млрд. теңге, оның ішінде Ұлттық қордан **143,5** млрд. теңге бөлінді



Дереккөзі: Инвестициялар және даму министрлігі

қарай күннің нұры секілді шашылуы керек делінген еді. Н. Назарбаев, тіпті атқарушы биліктің жұмысын жеңілдетіп, нақты схемасына дейін көрсетіп берді. Онда былай делінген: Орталық-Шығыс, Орталық-Оңтүстік және Орталық-Батыс болып, барлық негізгі жолдар, осы Орталықтан бастау алуы керек деген еді. Міне, сол идея бойынша, бүгінде республикалық бюджеттен жасаған инвесторлар тарапынан қыруар қаржы бөлініп, аса ауқымды жұмыстар атқарылды.

Негізі, еліміздің жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының қашықтығы мен санаты анықталып, белгілі бір жүйеге түсірілген. Елігіз әңгіме бар жолдарды толықтыру үшін ел жерлерде байланыстыратын бөліктер салу керек болды. Бұлар әсіресе, шекаралық аймақтар. Мысалы, Байнеу-Ақжігіт-Нүкіс, Қызылорда-Үшқұдық-Бұхара, Ақтау-Бекташ-Түркіменбашы, Ұзынағаш-Быстровка /Кемин/, сол сияқты Ресейге шығатын тағы бірнеше аумақ бар.

«Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 2015 жылы нақты жұмыс басталды десек, бытырға да қарқынды жүрді. Инвестиция және даму министрлігінің ақпаратына сүйенсек, 2016 жылы, яғни бытырға, «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында, 767 шақырым автомобиль жолдарында жол

басқа бір әңгіменің
өзегі...

Сол сиякты,
Астана мен
Теміртаудын арасындағы тасжолдың жаңарғаны қандай
керемет болды?! Астанада шыға беріс пен Теміртауға
кіреберіс, осы екі арадағы елді мекендерге кірмей айналып
өту жолдары, елді мекендер тұсындағы жолайырықтар
да жақсы ойластырылған. Алматы-Қапшағай мен
Қапшағайдан Талдықорғанға дейінгі аралық та осы
күні су төгілмей теп-тегіс тас жолға айналған. Бұлардың
әрқайсысымен өзіміз жүріп өтіп, көзіміз көріп, көңілге
түйгеніміз. Қош делік!

Ал биыл осы мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жалпы ұзындығы 4,4 мың шақырым болатын, 22 жобаны жүзеге асыру қолға алынды. Оның 15-і жаңа жобалар. 4 жарым мың шақырымға жуық автомобиль жолын қайта тәсіп шығу деген қыруар қаржыны қажет етеді. Міне, осы мақсатқа Ұлттық қордан, республикалық бюджеттен және халықаралық қаржы институттарынан жалпы – 356 млрд теңге бөлініпті. Оның

Егер шаруа кыстын камын жаз ойласа, жолшыларда керінісін, жаздын камын кыста ойлайды. Өйткені, алты ай жазды кагазбастылыкка текке уакыт жіберуге болмайды. Сол себепті, осындай күз-кыс мезгілінде келісімшарттарга отырып, каржы көздерін карастырып, тіпті саймандарын сайлап, техникасын майлап дайын отырады. Көктемде күн жылынысынан кимылдап, кара күзге дейін кара жолдын біразын өңсеріп тастау үшін.

Мінеки,
сондай
келісімдердің
біразы төмендегі



жобалар бойынша жасалды. Ақтөбе – Қандыағаш, Атырау – Астрахань, Ұзынағаш – Отар, Астана қаласы оңтүстік-батыс айналма жолы, Костанай – Денисовка, жалпы ұзындығы 0,7 мың шақырым. Жылдың басында бағдарлама аясында 602 шақырым ішкі жол жоспарланатын отыр. Бұл 1 және 2 жолды, оның ішінде Астана-Павлодар – 232 км, Астана – 230 км, Кордай қ. айналма жолы – 40 км, Ақтөбе – Атырау – 26 км және Қызылорда – 50 км, Қызылорда – 24 км тас жолдар.

мелекеттік бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың бір парасы осы. Енді бір жолдарды қарап баптау деген мәселе өз алдына үлкен әңгіме. Оның сыртында, жоғарыда айтқанымыздай, салынған дайын автомобиль жолдарына ақылы жүйе енгізу де атқарылып жатқан қыруар шаруаның бір бөлігі. Бұл мәселелер алдағы мақаламыздың өзегі болмақ.

Бек СҰЛТАН
Астана қаласы

біршама азайды. Келер жылы тағы да алты көшені жөндеп, абаттандыру жоспарланып отыр. Қазір Бурабай баурайындағы жұрт жол сапасына разы.

Қала жолдарының ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жергілікті «Тазалық сервис» кәсіпорны мен Көкшетау қаласындағы «Промстройнедра» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізді. Қазір талап қатан. Бұрынғыдай жөндеу жұмыстарын жүрдім-бардым атқару мүлдем тыйылған. Өйткені, жұмысын сапасыз атқарса, мердігер фирманың өзіне екі есе қымбатқа түспек. Себебі олар өздері салған жолға белгіленген тәртіп бойынша бірнеше жылға кепілдік береді. Мойындарына алып, кепілдік берген соң ұдайы бақылауда ұстайды. Бір ыңғайлы жол құрылысын жүргізген аталмыш фирманың өзінің асфальт шығаратын зауыты, қиыршық таң өндіретін карьері, тұрақты жалақы алып жұмыс істейтін жұмысшылары бар екен. Оның үстіне аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің мамандары атқарылып жатқан жұмыс барысын әр күні сайын тексеріп, сапасына көңіл аударып

тұрды. Осындай ыждаһатты шаруаның арқасында сапасы көңіл тоғайтарлық жөндеу жұмыстары жүргізілді.

— Бұрабайдың бұрауайындағы жасып желекек майынған әсем қаланың ажары қарп қалды, — дейді осы қаланың тұрғыны Бектөмір Кереев, — бәрінен бұрын көлік жолымен бірге жол жиегіндегі жаю аудармалар арналған сәуірлеудің салыныған қандай жақсы болды. Әйтпесе, көктем мен күз айларында аяқ алып жүре алмайтын едік. Қазір жаю жүргіншілердің жолы да мұншадай тазартып, мектепке баратын балаларға да, күш-қуаты саркылған егде адамдарға да жақсы болып қалды. Бұрыны уақытта осы көшелермен ауыр жүк көліктері өткенде төңіректің бәрін шан басып қалатын.

Көшелерді абаттандырумен қатар жарықтандыру мәселесіне де тәп-тәуір көңіл аударылған. Курортты қаланың көшелерін жарықтандыруға 270 миллион теңге қаражат бөлінген екен. Жарықтандырамыз деп жоспарлап отырған көшелердің ішінде қала тұрғындары мен қонақтары көп жүретін Сейфуллин көшесі де бар. Мұндай жұмыс қаланың басқа көшелерінде де жүргізілуде.

Бұл бір ғана мысал. Ақмола облысында іргелі елді мекендердің өнін кіргізіп, өмірін жақсартып отырған бағдарламаның септігі тиіп жатқан шаруа жетерлік.

Байқал БАЙӘДІЛОВ
Ақмола облысы

Демеу

Демеу «Нұрлы жол» инфрақұрылымы дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ел ішінде игілікті істердің бастау алуына себепші болып отырғандығы шындық. Мәселен, біздің өңірдегі Бұрайы аймағы көрген жанның кезін қуантатын, көкірегің шаттыққа бөлейтін сұлу өңір. Жыл сайын Бұрайыдың баурайына әсіресе, жаз айларында дүмеп келіп жататын қарақұрым халықтың қарасы көп. Үстіміздегі жылы көптен бері түйіні шешілмей келе жатқан мәселе шешімін тапты. Аталған бағдарламаның арқасында, Көкшетау қаласының басты көшелерінің жолына жеңдеу жұмысы жасалды.

Бурабай аудандық әкімдігінің бөлім басшысы Қайыргелді Мусин «Ең алдымен басты көшелерді жөндеп жатырмыз. Одан басқа да тозығы жеткен көшелер аз емес. Алдағы

уақытта алдымен халық көп жүретін орталықтан басталған шаруа соңы шеткі көшелерге де жетеді», — дейді.

КӨКШЕНІҢ ТЕГІС ДАҢҒЫЛЫ



Автожол саласының жобаларын халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын тарта отырып іске асыру жаңа технологиялар мен материалдарды (цемент-бетон, монолитная асфальт-бетон) мүмкіндік берді, бұлар қолданылу циклін 20 жолдардікін 25 жылға жобасын Халықаралық федерациясының (International Engineers – FIDIC) қаржы пайдаланылу

Осы Бағдарлама шеңберінде басым автожол жобаларын іске асыру Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарының тұтас және тиімді инфрақұрылымын қалыптастыруға, қолданыстағы Көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдасуы рудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын толықтыруға, ел макроөңірлерінің толық ықпалдасуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Енді жөндеу жүргізіліп жатқан басты жолдарға тоқталайық. Айталық, Сәкен Сейфуллин көшесінің жолы республикалық маңызға ие. Автобанға жалғасады. Сол сияқты Зелений жөне Рабочая көшелерінің жолдары Кокшетау-Астана бағытындағы тас жолға ұласады. Бұл айтып отырған жолдар қурутты аймақтағы халық көп жүретін, сондықтан да тез тазартып көшелер. Рабочая көпеші теміржол вокзалын көктей өтіп, автобекеттен тура автобанға иек артады. Бұл жолды жөндеу де аса маңызды. Өйткені, Бұрабай баурайына жыл он екі ай бойы бұл үзілімі келіп жататын қонақтар негізінен автобекеттегі жолашушылар тасымалдауға айналысатын көліктердің қызметін пайдаланады. Ендігі арада өне бойындағы мың шұңқыр қиямет-қарымнан арылған сон келгені де, кеткені де киналмайтын болып отыр. Қаладағы Трудовая, Коммунистическая көшелері де жөндейді. Осы көшелердің жөндеуі орталық көшелердің жүктемесін аз да болса сейілтіп отыр.

Аудандық тұрғын үй және коммуналдық шаруашылығы
жолаушылар тасымалы және автокөлік жолдары бөлімінің
басшысы Қайыргелді Мусиннің айтуына қарағанда, қала

жолдарының орташа жөндеу жұмысына 492 миллион теңге көлемінде қаржы бөлінген. Осы қаржыға жол жөндеумен бірге, көше бойлары да абаттандырылуда. Жөндеу ғана емес, жаңадан салынған қаншама жиек жолдар бар.

Міне, осындай ұмтылыстың арқасында биылғы жылы орталық көшелер жөнделіп, көлік қозғалысының жүктемесі

Еңбегі қаттының татқаны тәтті

Аталған орталық облыстағы жұмыссыз азаматтарды кәсіптік оқу, қайта даярлау, біліктілігін арттырып, әрі қарай жұмысқа орналасуына ықпал ету, жоғары не орта білімін енді аяқтаған түлектерді мамандықтарына қарай жергілікті кәсіпорындарға ақылы түрде 3 айдан 1 жылға дейінгі аралықта өндірістік тәжірибеге жолдау, еңбек нарығының талабына сай сұранысы көп мамандықтарға оқытуды қажеттілігіне қарай республика көлемінде немесе республикадан тыс мемлекеттерде ұйымдастыруға жұмыстанады. Сондай-ақ жергілікті кәсіпорындармен байланысып, бос жұмыс орындары бойынша мониторинг жүргізу, жергілікті кәсіпорындарға өндірістік

Осыдан 3 жыл бұрын Маңғыстау облысы әкімдігінің қолдауымен облыс жастарды жұмыспен қамту мақсатында «Жаңа серпін» өңірлік бағдарламасы жасақталған болатын. Бұл бағдарлама бойынша халыққа қызмет көрсету үшін «Жаңа серпін» орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды.

елді мекендердің тұрғындары. Жергілікті кәсіпорындарға өндірістік тәжірибеге 23 жұмыссыз азамат жіберілген. Сондай-ақ 201 адам (оның ішінде 7 мүмкіндігі шектеулі азамат және 125 ауыл тұрғыны бар) Алматы, Астана, Санкт-Петербург,

жұмыс орны құрылған болатын. Мұнда бүгінде мүмкіндігі шектеулі 20 жасқа дейінгі 7 азамат жұмыс жасап жатыр. Жатақхана фитнес залмен қамтылған. «Жаңа серпін» бағдарламасы туралы Ақтау және Жаңаөзен қалалары мен Мұнайлы ауданындағы 125 кәсіпорынға таныстырылым өткізіліп,

аспаз, дәнекерлеуші, құбыр монтаждаушы, металл құрылымдарын монтаждаушы, электромонтаждаушы, жүк ілдіруші, сылақшы, ағаш шебері.

Ағымдағы жылдың 1 маусымындағы есеп бойынша мекемелерден келіп түскен 213 сұраныс бойынша абаттандыру, теңіз порты, денсаулық сақтау, жүк



«Кешенді міндет – еңбек нарығын жаңғырту. Біздің ірі кәсіпорындар өкімдіктермен бірлесіп отырып, тиісті жол карталарын әзірлеуі керек.

Онда қысқартылатын жұмысшыларды қайта даярлау, оларды өрі қарай жұмыспен қамту үшін бірлесіп инвестиция салу жайы қарастырылуы қажет. Басы артық жұмыс күші бар өңірлерден басқа жерлерге, сондай-ақ, ауылдардан қалаларға жұмыс күшін ұтымдылықпен тартуға қолдау көрсету керек»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауынан)

тасымалдаушы терминалы, асфальт-битум өндіру, пластикалық құбырлар өндіру, тігіншілік-дизайнерлік, педагогика салалары бойынша 209 адам жұмысқа орналасса, оның 170-і–шалғай ауылдың азаматтары. Бүгінгі таңда 100-ге тарта жұмыссыз өндірістік тәжірибеге жолданған. Осы айдың басынан бері 17 тұрғын су тұщыту және дайындау аппаратшысы, химиялық талдау зертханашысы, сорғы қондырғысының машинисті, жылу қазандығы қондырғысының операторы мамандықтары бойынша оқып жатыр. К.Рысбаев «Мекеме балансындағы 160 орындық жатақханада 174 адам тұрады. Оның ішінде 20 отбасылы азамат бар. Ағымдағы жылдың тамыз айында Ақтау қаласында 500 орындық жатақхана қолданысқа беріледі деп жоспарланып отыр. Қаракия ауданында да құрылысы жүріп жатқан жатақхана жыл соңына дейін пайдалануға берілмек. Ағымдағы жылдың алғашқы 5 айының қорытындысы бойынша «Жаңа серпін» бағдарламасы туралы Ақтау және Жаңаөзен қалаларының, Мұнайлы ауданының 50 кәсіпорнына таныстырылым өткізіліп, 207 адам мекемеден кеңес алды. Тұрғындарды жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында 8 ақпараттық терминал сатып алынып, аудан орталықтарына орналастырылуда», – деді.

Оның хабарлауынша, қазіргі таңда www.janaserpin.kz сайтына жұмыс іздеп хабарласқан 220 азаматтың түйіндемелері орналастырылды. Қосымша хабарласқан 292 азаматтың түйіндемелері өңделуде.

Ағымдағы жылға белгіленген жоспар бойынша 500-ге жуық азаматты еңбекке араластырып, 400-ге тарта тұрғынды жұмысшы мамандығына оқыту және еңбек тәжірибелері жоқ азаматтарды өндірістік тәжірибеден өткізу көзделген. Осы жоспарларды жүзеге асыру үшін «Тенішевстрой» ЖШС-нің «Келешек кеңейту жобасымен» жұмыс жүргізілмек.

Фарида ҚАРШЫҒАТЕП
Маңғыстау облысы

Өнеркәсіп

Бүгінгі таңда Жолдау жүктеген міндеттер аясында Жамбыл облысында жүйелі жұмыс атқарылуда. Олардың аясында өңір өнеркәсібін, экспорттық әлеуетін арттыратын кәсіпорын құруға баса назар аударылуда.

Соның бірі және бірегейі – «Рола–7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Аталған кәсіпорын өңірдегі тамақ өнеркәсібі саласындағы жетекші кәсіпорын саналады. Негізі 2008 жылы Байзақ ауданы Қызыл жұлдыз ауылында қаланған мекеме 10 жылға жетер-жетпес уақыт ішінде кеспе өнімінің отандық нарығында көшбасшы қатарынан көрінді.

Алғашында «Чабрец» кәсіпесін өндірісмен танылған серіктестікте 2010 жылы өндірісті кеңейту жұмысы қолға алынған. Нәтижесінде, қосымша өндірістік цех іске қосылып, «Арай» кәсіпесі өндіріле басталы. Жаңа өндірістік цехтың ашылуы қосымша жұмыс күшін талап етті. Осылайша құрылғанына небәрі 2 жыл уақыт болған кәсіпорын 90 адамды жұмыспен қамтыды. Қазіргі таңда, мұнда 130 жергілікті тұрғын жұмыс істейді.

«Рола – 7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өндірген макарон өнімі жоғары сапалылығы отандық нарықта әлдеқашан мойындалып қойған. Серіктестік директоры Тұрсынбек Нұрбаев өнімді көршілес елдердің нарығында үлкен сұранысқа ие болып отырғандығын айтады.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ ЭКСПОРТҚА



«Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауынан)

Т.Нұрбаев «Қазіргі таңда біз кеспе және макарон өнімінің 45 түрін шығарамыз. «Рола–7»-нің бренді саналатын өніміне сұраныс зор. Еліміздің әр өңіріндегі дүкен сөрелерінен біздің өнімді табуға болады. Соңғы жылдары халықаралық нарықты бағындыруға да көп күш жұмсалды. Ө, дегеннен сапаға мән беретін Ресей, Қытай елдерінің тұрғындары да Қызыл Жұлдызда өндірілген кеспе өніміне құмарта бастады. Оған қоса, көршілес Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан елдеріне өз тауарымызды экспорттай басталдық», – дейді.

Жыл басында серіктестік жанынан «Рола-Ян» атты Қытай мен Қазақстан мемлекеттерінің бірлескен кәсіпорны ашылды. Жамбыл облысындағы индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуға тиісті 35 инвестициялық жобаның бірі саналатын жаңа өндірістік кешен «Рола-7» өнімін халықаралық нарықта кеңінен танылуына мүмкіндік берді. Бірлескен кәсіпорынның жана



цехында кеспе өндіру ісі толығымен автоматтандырылған DL-650X қондырғысында жүргізіледі. Бұл жабдық ұннан кеспе өндіруге дейінгі әрекеттің барлығын автоматты түрде орындап шығады. Қуаттылығы тәулігіне 25-30 тонна кеспені өндіретін цех «Рола–7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің екінші тынысын ашты.

Қазір «Рола-7» отандық тамақ өнеркәсібіндегі бірден-бір брендке айналды. Серіктестік басшылары ара-тұра облыстағы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілермен Астана, Алматы қаласында өтетін жәрмеңкеде Қызыл жұлдыздың кәсіпесін сұрайтындардың көбейгендігін мақтаныспен жеткізді.

Рас, сонау

кеңестік заманнан бері біздің облыс тамақ өнеркәсібі саласына айрықша ден қойып келеді. Күні бүгінге дейін өндірістегі осы беделін жоғалтпаған өңірде соңғы жылдары аталмыш салаға бейімделген кәсіпкерлік нысандары көптеп ашылып жатыр. Азық-түлік қауіпсіздік мәселесіне әлем назары ауып тұрған тұста сапалы өнім өндіруді қолға алып, өз өнімін «Жамбылда жасалған» белгісімен алыс-жақын шетелге экспорттап жатқан жергілікті кәсіпкерлердің тындырымды тірлігіне сүйсіне қарамасқа шараң жоқ.



Мұратхан ӘЛІМХАН,
Жамбыл облысы

ЕҢБЕККЕ БАУЛИТЫН БАҒДАРЛАМА

тәжірибеге және Ақтау қаласына оқуға жолданған азаматтарды жатақханамен қамтамасыз ету, облыс азаматтары мен оралмандардың жұмыс күші тапшы өңірлерге (Қостанай, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан) көшуіне көмектесу, жұмыссыз азаматтарға ақпарат-кеңес беру сынды жұмыстарды жүзеге асырады.

«Жаңа серпін» мемлекеттік мекемесінің директоры Қайрат Рысбаев «Бағдарлама құрылған алғашқы жылдары Жаңаөзен мен Қаракия ауданының 174 жұмыссыз азаматы дәнекерлеуші, монтаждаушы, электрік және токарь мамандықтарына оқытылды. Солардың ішінде Қаракия ауданының тұрғындары толықтай «Ерсай Каспиан Контрактор» ЖШС-не жұмысқа орналастырылды. Жаңаөзен қаласынан оқытылған азаматтардың жартысы тұрақты жұмысқа тұрды. Қалған мамандар ақылы өндірістік тәжірибеге жолданып, біліктіліктерін арттырды. Бұл азаматтар тұрақты жұмыстарға жіберіледі», – деді.

Оның айтуынша, өткен жылы мекемелерден келіп түскен 365 сұраныс бойынша 307 адам теңіз порты, жүк тасымалдау терминалы, асфальт-битум және құрылыс материалдары және пластикалық материалдар өндірісі, тігін өнеркәсібі, дизайн, педагогика, абаттандыру, санитарлық-тазалық, денсаулық сақтау салалары бойынша жұмысқа орналастырылған. Оның 235-і – облыс орталығынан шалғай орналасқан

Аймақтың әулеті

Жуырда Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжановтың төрағалық етуімен аймақтық координациялық кеңестің отырысы өтті. Жиында 2015-2019 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті қолдау картасына инвестициялық жобаларды енгізу мәселесі талқыланды.

кәсібімізді дөңгелетсек, күс етін өндіруді қолға аламыз. Бұл қарқынмен Маңғыстау облысының қажеттілігін өтеп қана қоймай, өнімдерімізді Ресей мемлекетіне экспорттау жоспарымызда бар, – деді ол.

Құны 4 млрд 662 млн теңге болатын бұл жобаның басым бөлігін екінші деңгейлі банк қаржыландырмақ. Жаңа өндірістік нысанның іске қосылуы 160 – 200 тұрғынның жұмыспен қамтылуына мүмкіндік береді. «Маңғыстау – күс» ЖШС жоба менеджері Радмир Бембеев күс фабрикасының жүзеге асуы үшін мемлекет

тұрғын жұмыспен қамтылады. Біз жұмыс істейтін шаю әдісі шығынды азайтуға және химиялық заттарды қайта қолдануға мүмкіндік береді. Біз «жасыл» экономиканы жасқартуға, мамандарды оқытып, біліктілігін арттыруға жұмыстанамыз» – деген ол мемлекеттің қолдауы қажет екенін айтып, зауыт салуға жер бөлуі және инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді сұрады.

Оның айтуынша, мұнай қалдықтары өңделгеннен кейін өндіріс құрылыс саласына пайдаланылады.

тарапынан су, газ, электр энергиясы сынды инфрақұрылымдар қажет екенін жеткізіп, көмектесуді сұрады.

МҰНАЙ ҚАЛДЫҒЫ ҚАЙТА ӨНДЕЛЕ МЕ?

Координациялық кеңес отырысында «ЭкоТехПрогресс» ЖШС бас инженері Алмас Садық Жаңаөзен қаласында мұнай құрамды қалдықтарды зиянсыз өңдеу зауытын салу жобасын таныстырып, түсіндіріп өтті.

Алмас Садық «Бұл зауытқа шикізатты жіберу, мұнай мен суды айыру, шаю, қалдықтарды залалсыздандыру, ағынды суды тазарту блоктары қойылады. Мұнда орнатылатын соңғы үлгідегі, үнемдегіш құрал-жабдық елімізде



«Шағын несие беру аясын кеңейтіп, кәсіпкерлерге кепілдік жасау және қызмет көрсету тетіктерін белсенді пайдалану керек. Бұл шараларды бизнес жүргізу және қаржылық сауаттылыққа үйрету ісін ұйымдастырумен қатар атқару қажет. Жаппай кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін одан өрі жетілдіру керек. Қазақстанның әр өңірі жаппай кәсіпкерлікті, соның ішінде отбасылық кәсіпкерлікті дамыту бағытында кешенді шаралар ұсынуға тиіс»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауынан)

алғаш рет қолданысқа енгізілмек. Қуаты жылына 1 млн тоннамен өңдеуге қауқарлы болатын жобаның құны – 31 млрд 271 млн теңге. Құрылыс кезінде 165, зауыт іске қосылғаннан кейін 200-ден аса



ХИМИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТЕРДІ ӨНДЕУ

Жиында Солтүстік Ауыртас кен орнындағы бейорганикалық химиялық

растады. Солтүстік Ауыртастан 5-30 мың тонна барий, 5-25 мың тонна стронций және 4 мыңнан астам өзге де химиялық элементтер өндіру жоспарланып отыр. Жару-қопару, бұрғылау, өндіру, кендерді тасу және өңдеу жұмыстары жасалады. Жоба жүзеге асқанда 100-ге жуық адамды жұмыспен қамтимыз. Канадалық компания бұл жобаға инвестиция салуға дайын», – деді.

Аймақтық координациялық кеңес қорытындысында облыс әкімі Ералы Тоғжанов бұл жобаларды 2015-2019 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті қолдау картасына енетінін хабарлады.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы



Нәтиже

Сондай-ақ әкім биылғы жасалған жүйелі жұмысты ерекше атап өтті. Ол «Осы жыл барша еліміз үшін, оның ішінде Алматы қаласы үшін ерекше жыл болды. Елбасы халықаралық ардаелінің, экономикалық мүмкіндіктеріміздің аркасында біз биыл бүкіл әлемдік ауқымды шараны қолға алған болатынбыз. Атап айтар болсақ, жыл басында Универсиада мен жазда «ЭКСПО-2017» көрмесін өте жоғары деңгейде өткіздік. Алып шаһар аса ірі қаржы экономиканың, мәдениет пен өнердің, руханияттың орталығы ретінде үнемі Елбасының назарында» — деді.

Осылайша, ол биылғы жылы барлық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш бойынша оң динамика қалыптасқанын, бірінші жартыжылдықта экономиканың өсу қарқыны 4%-ға жеткенін, өткен жылмен салыстырғанда 2 есе жоғары екенін айтты. Негізгі капитал инвестициясы 12,8%-ға өсіп, 400,5 млрд теңгені құрайды. Мұнда жеке инвестиция көлемі — 80%. Ал сыртқы инвестициялар — 23,5%-ға артқан. Елбасының бастамасымен қолға алынған мемлекеттік бағдарламалар экономиканың өсуіне зор ықпал етті. Соның арқасында тұрғын үй құрылысы төрт есе өсті. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 1,8 мың пәтер



салынған. Осы аталған бағдарлама бойынша биыл 4,5 мың пәтер пайдалануға беріледі және қолжетімді тұрғын-үй көлемі 1,5 есеге артады. Жеке құрылыс та қарқын алды. Екі жыл ішінде қала құрылысы кеңесі жалпы құны 1 трлн теңге болатын 82 жоба бекітілді.

Қала әкімі өз баяндамасында «Өткен жылмен салыстырғанда, қаланы абаттандыруға 2,3 есе, жол салуға 1,3 есе, инженерлік желіге 1,3 есе көп қаржы бөлінді. Нақты шараның арқасында қосымша 43 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Салыстырмалы түрде қарар болсақ, былтырғыдан қарағанда биыл 1,7 есеге көп» — деді.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ

Бүгінгі күні қалада кәсіпкерліктің 173 мыңнан астам субъектісі жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш 5,7%-ға артқандығын көрсетеді. Индустриализация картасы бойынша жалпы құны 36,8 млрд теңге болатын 38 жоба жүзеге асты. Осының арқасында 3 мың жұмыс орны құрылды. Индустриалды аймақта құны 191,3 млрд теңге болатын 40 жоба қолға алынған және 5 мың жұмыс орны пайда болды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен бизнес пен тұрғындардың талабы бойынша, қалада Алматының «Бас жоспар институты» құрылды.

Бауыржан Байбек «Біздің бағдарламаның басты міндеті — қалада жайлы орта қалыптастыру. Биыл жүйелі жаңғырту жұмысын қолға алдық, бүгінгі күні батыстық стандарт бойынша қаланың тарихи орталығының үштен бірі қайта жасалды. Алматылықтардың орасан қолдауы арқасында бұл жұмыс одан әрі жалғасатын болады. Райымбек, Достық, Абай даңғылы мен Есентай өзенінің жағалауы, яғни тарихи орталықтың тағы да 178 гектар жері модернизацияланды. Бұл шара қалаға бірыңғай архитектуралық келбет беру үшін жүргізілуде. Біз жаңу жүргінішілер үшін сапалы инфрақұрылым жасаудамыз әрі заңсыз конструкциялар, визуалды көріністер алынып тасталуда. Шындыққа жүгінсек, «келенсіз экономикамен» күрес жүруде», — деді.

Жалпы, 1,3 мың заңсыз дүңгіршек, ескі үлгідегі билборд сүріліп тасталды. Бүгінгі күні ірі сауда орны мен базарда 40 мыңнан астам адам ашық жұмыс істеді. Екі жыл ішінде ғана модернизацияға 200 млрд теңге жеке қаржы салынды. Халықаралық талапқа сай 16 ірі қоса кешені ашылды. Көлік тұрақтар базардан арылуда. 1810 көлік тұрағының 40%-ы



жанартылып, жыл аяғына дейін олардың қатары 70%-ға жететін болады.

«Қоршаусыз қала» бағдарламасы бойынша, 100 шақырым қоршау алынды. Олардың орнына жасыл желек, бау-бақша отырғызылып жатыр. Мысалы, ғимарат иелері 3 мың ағаш отырғызған. Бау-бақша орталығынан 100 мыңға жуық көшет сатылған.

Биыл қала бойынша 28 шақырым арық жөнделді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 3 есе көп. Ал келер жылы 30 шақырым арық жөндеу жоспарланып отыр. Қалада соңғы екі жылда 732 аула алаңдары абаттандырылған. Яғни есептеп қарар болсақ, бұл әрбір бесінші аула деген сөз. Жұмыс мұнымен тоқтамайды. Мегаполис басшысы «Менің ауламдағы спорт» атты әлеуметтік бағдарламасы аясында, 6 мың бала 75 аулалық спорт алаңында шынығады. Оларды арнайы кәсіби нұсқаушы жаттықтырады» — деп сөзін жалғалды. Ол бұдан өзге де жасалып жатқан жұмысты жіпке тізіп берді. Бұрынғы жылдары 180 жеделсаты мен 229 көппәтерлі тұрғын үй ғана жөнделген екен. Ал биыл 199 жеделсаты, 151 үй жанартылды. Жаз айында энергиялық тиімді материалдан 774 шақырым желі қайта жасалып, нәтижесінде, апат пен үзіліс 22%-ға, жылу жоғалту 7,4%-ға азайған.



МЫҢ БОЯУЛЫ ШАҒАР

АЛЫСТАҒЫЛАР ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Сондай-ақ қалада Smart City-дің жеті базалық жобасы белгіленген. Олар — мемлекеттік қызмет, қауіпсіздік, көлік, білім, денсаулық сақтау, электронды ПИК, Big Data. Open Almaty атты қоғамдық қабылдаудың жаңа форматы. Мұнда қала тұрғындарына арнайы бір жерден ғана қызмет көрсетіледі.

Осылайша, қауіпсіздік, білім, денсаулық сақтау мәселелеріне айрықша

«Болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан, оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді»

(Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан)

назар аударылуда. Алматыда жолға, аулаға, мектепке, сауда орталығына 100 мыңнан астам камера қойылған. Соңғы 2 жылда ПД-нің техникалық жақтануы 23%-ға артып, 87%-ға жетті. Жергілікті бюджеттен ПД-не 19 млрд теңге бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 40,6%-ға көп. Жергілікті полиция қызметкерлерін видеорегистратормен, байланыс құралымен, планшетпен қамтамасыз ету үшін 1 млрд теңге бөлінді. Жалпы, қалада тәртіп бұзушылық 8,6%-ға азайып, ауыр қылмысты ашу 9%-ға артқандығын алға тартты. Төтенше жағдайдың алдын алу үшін жергілікті бюджеттен 10 млрд теңге бөлінді. Яғни бұрынғы

«Мемлекет басшысының әкімдерге жүктеген басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру. Өмір сүру сапасын жақсарту. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдердің талабына сәйкес жоғары көрсеткішке қол жеткізу. Нәтижесінде, дамыған 30 елдің құрамына ену қоғам мен мемлекет алдында тұрған нақты меже». Бұл жайында Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек Орталық коммуникациялар қызметінде өткізген баспасөз мәслихатында мәлімдеді. Жиында қала басшысы биылғы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы жайында баяндап, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы мен «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрменің қорытындысында қолға алынған жоба туралы кеңінен әңгімеледі.

жылдардағыдан 2,6 есе көп. 9 ең қауіпті көлдерге тоспа қойылды. Медеу-Шымбұлақ жолының шаткалы, ГЭС-1 Үлкен Алматы өзенінің жағалауы жөндеуден өтті. Жалпы ұзындығы 11,6 шақырым болатын үш өзеннің жағалауы қайта жасалды. 2015 жылы болған Қарғалы өзенінің сел зардабы жойылып, өзен арнасы заманауи тұрғыда қайта жасалған.

Денсаулық сақтау саласында оң динамика қалыптасты. Өмір сүру ұзақтығы 75,9 жасқа жетті, бұл — еліміздегі ең үздік көрсеткіш. Биыл денсаулық сақтау саласын қаржыландыру 9,2%-ға артты. Балалар өлімі 2,5 есе азайды. Құрт ауруына шалдыққандарды амбулаториялық емдеу 2 есе өсіп, осы сырқаттан қайтыс болғандар қатары 36%-ға төмендеді. 9 жаңа объектінің құрылысы жүруде, оның бесеуі пайдалануға беріледі. Ал сегіз нысанда жер сілкінуге қарсы жұмыс атқарылуда. 2,5 млрд теңгенің медициналық жабдығы алынды. Жедел жәрдем паркі 25%-ға жаңарған. 40 жаңа заманауи көлік алыныпты. Екі көппрофильді стационар басшы негізінде тікұшақ қонатын алаң жасалды.

Жеке медицина ұйымының тұрғындарға қызмет көрсету үлесі артты. Жеке инвестиция есебінен репродуктивті медицина институты ашылды. Бүгінгі күні арнайы экономикалық аймақ қағидасы бойынша қалада үздік клиникалардың халықаралық кластерін құру мәселесі қарастырылуда.

Қала мектептерінің физика, химия, биология, лингфон кабинеті заманауи құралмен толықтай жабдықталған. Мектептердің барлығы кен жолақты интернетпен түгел қамтылған. Алматыда алғаш рет Maker Space — бағдарламаның шеберлік идеясы, роботтехника, 3D принтинг жобасы қолға алынды. Екі жыл ішінде мектептерде 5,1 мың жаңа орын ашылды. Қазіргі кезде екі мектептің, екі қосалқы нысанның құрылысы жүруде.



Қала басшысының айтуынша, жыл сайын мектеп жасына дейінгі балалар саны 12 мыңға артты. Яғни 42 балабақша қажет деген сөз. Жеке бизнесті ынталандырудың арқасында, екі жылда коттедждерде 10,4 мың орынды 262 мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі ашылды. Мектеп жасына дейінгі мемлекеттік балалар мекемесін оңтайландыру барысында тағы да қосымша 1200 орын пайда болды. Соның арқасында, бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі балалардың 81,2%-ы балабақшамен қамтылған. Соңғы екі жылда қала құрылысы кеңесінде жеке инвестор есебінен 7 мың орынды 54 балабақша салу мәселесі қаралды. Соның арқасында 14 млрд теңге бюджет қаржысы үнемделді. Биыл тұңғыш рет бір мезетте 21 мектеп пен 7 мектеп жасына дейінгі мекеме нысаны сейсмикалық жағынан күшейтілді. Бұл да рекордтық көрсеткіш.

ЖАЙЛЫ ҚАЛА

Жайлы қаланың басты көрсеткіші — жақсы экология. Бүгінгі күні жеке сектордың 96 пайызы газға көшірілген. 2019 жылдың аяғына дейін қала толық газдандырылады деп жоспарланған. Президенттің тапсырмасы бойынша Жылу электр стансасы — 2 (ТЭЦ-2) газға көшіріледі. Жылу электр стансасы (ТЭЦ-1)-ді жаңғыртудың ЖСК жасалуда. Келер жылы жалпы қуаты 550 мың тонна тұрмыс қалдығын өңдейтін және 60 мың тонна шикізат шығаратын арнайы кешенді іске қосу жоспарланған.

Екі жыл ішінде 59 мың ағаш отырғызылып, жыл аяғына дейін тағы да 15,6 мың тал егу қолға алынбақ. Б.Байбек «Алматы апортын» қайта жаңғырту үшін 32 гектар жерге 5,9 мың алма ағашы отырғызылды. Энергияны жанарту жобалары — көріз жүйесіне биогаз қондырғысын, Кіші Алматы өзені арнасындағы кіші гидроэлектростансасына тиімді жабдық орнату қолға алынды», — деді.

Көлік түйткілін шешу экологияны жақсартатыны белгілі. Алматыда күн сайын 700 мыңнан астам темір көлік қатынайды. Көлік залалы 80%, сондықтан болашақта қоғамдық көлікті реформалау ісі әлі де жалғасатын болады. Метроның екі бекетінің құрылысы жүруде, келер жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) қағидасы бойынша темір комбинаты (ЖРК) құрылысын қолға алу жоспарланған екен. Қала



басшысының сөзіне қарағанда, қазір қаланың қоғамдық көлік паркі 1,4 мыңға жетіпті. Олардың 60%-ы газбен жүретін автобус пен троллейбус. Биыл қала автопаркі 530 жаңа автобуспен толығып, бүгінде олардың 211-і әртүрлі бағыттар бойынша жолға шыққан. Екі жыл ішінде «ОНАЙ!» жүйесі бойынша 20 млрд теңгеге 350 млн транзакцияланды. Тасымалдаушылардың негізгі табысы екі есе өскен. Алдағы уақытта FalconEuroBus компаниясымен бірге электроавтобус шығаратын зауыт салынады деп күтілуде. Қалада ұзындығы 21 шақырым болатын «Орбитадан Көкбазарға дейін» велосізі және

Оның ішінен 5 орын «Қазақстанның киелі жерлер картасына» енді. Бұл туралы қала әкімі Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг кезінде баяндалды.

Алматы әкімі сөзін бүгінгі күні қала тұрғындарының басым бөлігі — 35 жасқа дейінгі жастар дей отырып, еліміздің әрбір 3-ші студенті Алматыда оқитындығын назарға салды. Алматы қаласының әкімі Б.Байбек мырза «2020 жылға



дейінгі жастардың қалалық Жол картасы жасалған. Сырттан келген жастарды іскерлікке, ерікті болуға және басқа да кәсіпке баулитын Лофт-орталық ашылды. Қазірдің өзінде 7,8 мың адам жұмысқа тұрған. 2,5 мың адамға тегін кәсіби білім берілуде. Қалада «Алматы жастары» атты жастардың тұрғын-үй бағдарламасы қолға алынды. Мұнда 35 жасқа дейінгі жастар жеке пәтер алу үшін жеңілдетілген заем ала алады. «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы жастар үшін жатақхана салатын болады. Биыл біз «Рухани жаңғыру»

жобасы аясында 2000 орынды 4 жатақхана саламыз. Келер жылы 2,4 мың орынды тағы да 2 жатақхана құрылысы басталады.

Қалаға қосылған елді мекендерді дамыту жұмысы қарқынды жүруде. Екі жыл ішінде Алатау және Наурызбай аудандарында әкімшілік-іскерлік орталық қалыптасты. Универсиаданың арқасында 1,7 мың кезекте тұрған Атлеттер ауылынан жайлы пәтер алды. Жалпы, 9 жыл ішінде Алатау ауданын дамытуға 300 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды. Оның 42%-ы салық ретінде қайтарылды. Наурызбай ауданы құрылғалы бері 53 млрд теңге жұмсалған. Қазірдің өзінде бұл қаржының төрттен бірі қайтарылды. Ауданда салық түсімі 11 есе өскен. Ауданда әкімдік, АИД, салық, әділет, сот, прокуратура, ХҚКО, Қазпошта, зейнетақы төлеу ғимараттары пайдалануға берілді», — деп атап өтті.

Бұған қоса, Бейжің қаласымен бірлесіп отырып, Asia Steel Pipe Қазақстанға әкелінетін болат құбыр нарығының 40% импортын, ал екінші сатысы жапондық Tokyo Rope зауытын Алматыда құру жүзеге асты. Әкімнің айтуынша, бизнестің жол картасы іске асырыла бастағаннан бері 18,7 млрд теңге бөлініп, 1 мыңнан астам жоба қолға алынған. Сонымен бірге жарты жыл ішінде қатысушыларға 31 млрд теңгеден астам салық салынған.

ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС

Сарапшылардың пікірі мен халықтың ескертпесі барысында «Көк жайлау» жобасына түзету енгізілді. Құрылыс алаңын 9 есе, шаңғы трассасын 2 есе, курорттың өткізу қабілетін 3 есе қысқарту арқылы ағаш кесу түбірінен өзгерді. Флора мен фауна шатқалына да еш зиян келмейді. «Шымбұлақтың» өз қуатынан асқанын ескерсек, Көк жайлау тұрғындары үшін жыл бойына қолжетімді болады.

Қалада «Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыруға айрықша назар аударылған. Бүгінгі күні құны 87 млрд теңгеден астам 125 жоба қолға алынды. «Туған жер» жобасына бизнес белсенді түрде араласып, бірнеше әлеуметтік нысан салуда. Жеке қаржы есебінен Наурызбай ауданында 500 адам қатынайтын емхана, 1,2 мың орынды мектеп салынды. Алатау ауданында жеңіл атлетті стадион іске қосылды. Болашақта халықаралық деңгейдегі баққа айналатын Алматының Ботаникалық бау-бағын модернизациялау жобасы қолға алынды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша, киелі жер тізімі жасалды. Олар — 22 нысан.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Қала басшысы жасаған баяндамасында осылайша шаһардағы жыл бойы жасалған жұмысты жіктеп берді. Барлық шаруаның жоғары деңгейде, жүйелі атқарылғанын түсіндік. Бұдан біз Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы жүктелген тапсырманы орындай отырып, қаламыздың қарқынды ілгерілеуіне қол жеткізгенімізді анық байқай аламыз.

Салтанат ШЫРЫНХАН,
Алматы қаласы

Құрылыс

Ел экономикасының локомотивіне айналған Атырау өңірі бүгінде мұнай-газ секторы, ауыл шаруашылығын дамытумен бірге, әлеуметтік саланың өркендеуін басты назарда ұстап келеді. Тәуелсіздік жылдарында жүздеген әлеуметтік нысан бой көтерген мұнайлы өлкеде бүгінде мемлекеттік бағдарламалар сәтті жүзеге асып жатыр.

кейін, кенже інім үйленетін болып, біз жалдамалы пәтерге шығып кеттік. Он жылдан астам уақыт үй жалдадық. Үш балам бар. Бізге «Нұрлы жол» бағдарламасы көмекке келді. Осы бағдарлама аясында салынған үйді ипотека арқылы рәсімдедік» — дейді.

Атырау облыстық құрылыс басқармасы жолдаған мәліметтен білгеніміздей, тұрғын үй құрылысы келер жылы да қарқынды жүреді деп күтілуде. Мәселен, 2018 жылға бір ғана Атырау



Тұрғын үйге қолжетімділіктің тапшылығы проблемасын шешу үшін ең перспективалы және қолжетімді құрал ретінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту қажет.

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

АТЫРАУ ӘЛЕУМЕТТІК АЛАҢҒА АЙНАЛДЫ

БІР ЖЫЛДА 37 КӨПҚАТАРЛЫ
ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

Әсіресе, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен іске асырылып жатқан «Нұрлы жол» бағдарламасы бүгінде мыңдаған отбасылардың баспаналы болуына тікелей ықпал етті.

Әлқисса ретінде айта кетелік, «Нұрлы жол» бағдарламасында басымдық берілген негізгі секторлардың бірі — тұрғын үй инфрақұрылымын нығайту. Яғни әлеуметтік тұрғын үй тапшылығы проблемасын шешу мақсатында жалға берілетін тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту көзделген.

Халықтың барлық категориясы үшін тұрғын үйдің

2018 жылы Атырауда 220 шақырым жол жөнделеді.

Биыл Атырау қалалық әкімдігі тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық желісі бойынша 311 көшені, құрылыс бөлімі арқылы 139 көшені асфальттауды жоспарлады.

2017 жылы облыста 296,6 шақырым жол салынды, оның 236,6 шақырымы Атырау қаласында. Облыс орталығында асфальттанған жолдың негізгі көлемі қала маңындағы селолық округтерге тиесілі.

Сараптай кетсек, 2017 жылы жалпы ауданы 21 800 шаршы метр автокөлік жолына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ұзындығы 220 шақырым болатын 207 көшенің жол-құрылыс жұмыстарына жобалау-сметалық құжаттама жасау үшін жергілікті бюджеттен 450 млн теңге бөлініпті. Бұл жұмыстар 2018 жылы басталады. «Көшелерді асфальттау жұмыстары елді мекеннің даму жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүруі керек. Біздің міндетіміз — халықты сапалы да, жақсы жолмен қамтамасыз ету», — дейді облыс басшылығы.

қолжетімділігін арттыруға бағытталған бағдарлама аясында тұңғыш рет баспананы жалға беру жобасы іске қосылды. Бүгінде мыңдаған отбасылардың басыбайлы баспаналы болуына ықпал еткен бағдарлама сатып алу мүмкіндігімен немесе сатып алу мүмкіндігізін тұрғын үй объектілерін салуға жол ашып отыр.

«Қазақстандық ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы әкімші болып табылатын бағдарламаға сәйкес, 2020 жылға қарай шамамен 29 мың отбасына



жалға берілетін тұрғын үй беріледі. Сол мақсатта еліміз бойынша, 1,4 млн шаршы метрге дейін тұрғын үй салынады деп жоспарланған. Соның ішінде, тұрғын үйдің 60 пайызы — хаб қалаларда және 40 пайызы — облыс орталықтарында, монокалалар мен ауылдық елді мекендерде орналасады деп жоспарланғаны белгілі.

Міне, биылғы жылдың өзінде Атырау облысында жалпы ауданы 135,7 мың шаршы метр немесе 2007 пәтер болатын 37 көпқатарлы тұрғын үй құрылысы жүргізілді. Оның ішінде, 1617 пәтерлік 29 көпқатарлы тұрғын үй құрылысы аяқталды. Су жана пәтерлер жыл аяғына дейін қоныс иелерін табыды деп күтілуде.

Жекеменшік шаршы метрді зарыға күткен атыраулықтардың бірі — Максым Сакупов «2000 жылы отау құрдым. Аз ғана уақыт ата-анаммен тұрғаннан

учаскесі игеріліп жатыр. «Бұл учаскені игеру мерзімі бес кезеге бөлінген. Бірінші кезең бойынша алаңы 45,02 га учаскеде жалпы аумағы 320,6 мың шаршы метрді құрайтын 70 тұрғын үй құрылысы үшін құжат жасқалуда. Бұл 5568 пәтер салынады дегенді білдіреді», — дейді басқарма өкілдері.

ЗАМАНАУИ БАЛАБАҚША ШАЛҒАЙ АУЫЛАДАРҒА ДА ЖЕТПІ

«Нұрлы жол» бағдарламасында әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселесіне де ерекше мән берілген. Ел болашағының тұтқасы саналатын жас ұрпаққа сапалы білім беру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, бағдарламаға сәйкес, мектепте білім беру инфрақұрылымын, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды

кенейту, жоғары оқу орындарының ғылыми-техникалық базасын жаңғырту көзделген еді.

Бағдарламаның көмегімен бүгінде Атырау өңірі авариялық мектептер және үш ауысымда оқыту жүйесі проблемасынан арыла келді.

Сондай ақ бағдарлама мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласында үлгілік балабақшалар салу арқылы мектепке дейінгі ұйымдардың желісін кенейтуге мүмкіндік беріп отыр. «Нұрлы жолға» сәйкес, бұл жоба — білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларымен қатар, таяу арадағы үш жыл ішінде 3-тен 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтуды кемінде 81,3%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сонғы жылдары Атырауда білім беру нысандарына деген сұраныс та артып келеді. Мұның себебі — халық санының жыл санап өсуінде болып отыр. Биылдың өзінде өңірде 1065 орындық жеті бірдей балабақшаның құрылысы аяқталды. Жаңа-Қаратон поселкесінде 280 орындық, Қосшағыл және Тұрғызба ауылдарында бой көтерген 160 орындық балабақша ғимараттары бүгінде бүлдіршіңдер арасындағы кезектің желел жылжуына ықпал етіп отыр. Заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген балабақшалардың Құрманғазы ауданының Ганюшкин селосында, Атырау қаласының Геолог-2 кентінде, Қызылқоға ауданының Тасшағыл ауылында және Индер ауданының Индер кентінде тұрғызылғанын атап өткен жөн.

Жанмира Жанықұлова үш баланың анасы. Өзі Қызылқоға ауданына қарасты Сағыз ауылының тұрғыны. Тұрмысқа ауданнан шалғай орналасқан Тасшағыл ауылына шыққан. «Ауыл халқының негізгі бөлігі мал шаруашылығымен айналысып отыр. Жеріміз құнарлы, шөбі шүйгін. Қазы, жал-жая, күрт дегендерініз әр үйдің дастарханынан табылады. Ойыл мен Сағыз өзендері қызылқоғалықтар үшін көдімгідей тіршіліктің көзі болып отыр. Былайша айтқанда, ауылда жаппай қалаға көшу үрдісі байқалып отырған жоқ. Осы жағдайларға қарамастан, соңғы жылдары ауылымызда ана бір айтарлықтай ғимараттар салынбаған екен. Жақында ғана ауылда қос қабатты балабақша бой көтерді. Құрылысына көз сүйсінді. Кенже ұлым осы бақшада тәрбиеленіп жатыр. Ғимараттың іші кең, жылы, таза. Ұйымшыл ғана шағын ұжым еңбек етеді. Енді «ауылымызға Мәдениет сарайы салынады» деген хабар айтылуда. Біз үшін бұл үлкен жанаулық болып отыр», — дейді кейіпкеріміз. Мінекей, осы қысқа ғана диалогтан ақ, «Нұрлы жол» бағдарламасының алыс ауылдарға жол ашқанын көруге болады.

Сонымен қатар биыл жалпы көлемі 1608 орынға шақталған жеті мектеп нысандарының құрылысы аяқталды. Басты жанадық, Атыраудың ішіндегі өзінше қалашыққа айналған Нұрсаз шағын ауданынан 624 орындық орта мектептің салынуы болды.

Бүгінгі таңда 2318 орындық он мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның ішінде, облыстан әлдеқайда шалғай орналасқан ауылдар да қамтылып отыр. Атырау облыстық Құрылыс басқармасының хабарлауынша, құрылысы аяқталатын нысандардың ішінде, Қызылқоға ауданына қарасты Сағыз селосында 424 орындық орта мектеп, Құрманғазы ауданы Приморье селосында 300 орындық орта мектеп, Жалғызбап ауылында 80 орындық Лабай мектебі, Құрманғазы ауданы Қызылоба ауылында 80 орындық мектеп бар.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

«Жетіген – Қорғас» теміржолымен, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль дәлізімен технологиялық байланыстағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА құру Еуропа мен Азияға ең қысқа жолды қамтамасыз ететін мықты индустриалық-логистикалық хабты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы)

Экономикалық даму

Алматы облысында «Нұрлы жол» бағдарламасының арқасында үш жыл ішінде 82 жобаны жүзеге асыруға 77,2 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде білім беру мекемелеріне 49 млрд теңге қаралған. «Ағымдағы жылы өңірде барлығы 44 мектеп салынады, оның ішінде 31-і осы бағдарлама аясында, бұл оқу орындарының тапшылығын жояды. Біз үшін бұл — өте өзекті мәселе, өйткені, жана оқу жылында 46 мың бала бірінші сынып табалдырығын аттады» деген әкім «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» және «Алматы-Талдықорған» автожолдарын салуға арналған ірі жобалар іске асырылғанын, алдағы кезде Талдықорған — Өскемен, Үшарал — Достық автожолдарының жөнделетінін еске салды. Жергілікті бюджеттен биыл жалпы жолдарды жөндеуге 25 млрд теңге бөлінген екен. Сонымен қатар аталған бағдарлама аясында «Қорғас» шекара маны халықаралық ынтымақтастығы орталығының құрылысы да қарқынды түрде жүргізілуде.

Аталған жоба Қазақстан мен Қытай елі басшыларының бастамасымен бірлесіп жасалған ірі жоба болып табылады. Мақсат Қытай елімен сауданы жеңілдетуге бағытталған. Бастысы, Батыс Еуропа — Батыс Қытай трансконтинентальды жол жобасын жүзеге асыру арқылы екі мемлекеттің де тасымал әлеуетін дамытуға арналған. Бүгінде бұл орталық әлемде теңдесі жоқ жана жоба. Ол өндірістік, көліктік әлеуетті күшейтіп, шағын және орта бизнесті барынша табысты етуге кенінен мүмкіндік береді. Елімізде бәсекеге қабілетті тауарлар өндіріп, қызметтерді дамыту және құруды, сондай-ақ кәсіпкерлердің әлемдік нарықтағы белсенділігін арттыруды көздеген.

Жобаны жүзеге асырудың негізі екі ел үкіметінің арасында жасалған келісім болды. 2004 жылдың 24 қыркүйегінде Елбасы Н.Назарбаевтың Қытайға барған сапарында екі ел үкіметінің өкілдері Қазақстан мен Қытай шекаралары арасында «Қорғас» халықаралық

ҚОРҒАСТАҒЫ ІЛКІМДІ ІСТЕР



шекаралық әріптестік орталығын» құру туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Келесі жылы шілде айында Қытайдың бұрынғы басшысы Ху Зинтаоның Қазақстанға келген ресми сапарының аясында орталықтың қызметін реттеуге келісім жасалды. Осы жылы тамыз айында ел үкіметінің қаулысымен жоба операторы қазақстандық тараптан «Қорғас» шекара маны ынтымақтастығы халықаралық орталығы» болып бекітілді. Орталықтың құрылысы екі бөліктен тұрады. Олар Панфилов ауданындағы орналасқан Іле-Қазақ автономиялық облысы аймағындағы тұрған қытайлық бөлік деп аталады.

Орталықтың жалпы аумағы 528 гектар жерді қамтиды. Оның 185 гектары қазақстандық, 343 гектары қытайлық бөлік. Орталықтағы бөліктердің арасында жол қатынасы арнайы көлік, жүргінші өткелдері арқылы жасалған. Арнайы экономикалық аймақта қазір екі ел азаматтары өз мемлекеттері тараптарының қызыретті мекемелері бекіткен құжаттардың негізінде виза рәсімдемесі-ақ 30 тәулік мерзімге дейін жүре алады. 2016 жылдың қараша айынан бастап Қазақстан азаматтарына жеке куәлігімен орталыққа кіруге рұқсат етілді. Басқа мемлекеттерден келген азаматтар халықаралық сапарларға арналған құжаттарға сәйкес рәсімделеді.

Бүгінде «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын дамыту үшін Пенжім ауылының іргесінен 1267 гектар жер бөлінген. Оның 600 гектарына болашақта 100 мың адам қоныстанатын жана Нұрқент қаласының инфрақұрылымы жасаламақ. Арнайы аймақтағы құрылыс қарқыны күн санап үдеп, Қорғас өзенінің жағалауында сәнді де зәулім ғимараттар бой көтеруде. «Қорғас» шекара маны ынтымақтастығы халықаралық орталығында» соңғы бір жарым жылда бой көтерген «Хуан — Шыңғыс», «Қорғас — КАТ», Viktoria city, TZNs Development Group сауда орталықтары бірінен кейін бірі бой көтеріп, елдің игілігін арттырып келеді.

Әсіресе, «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы «Нұрлы жол» келендік өткеліндегі логистикалық кешенінің екі ел ортақ дамуындағы орны ерекше. Логистикалық кешен толық іске қосылғанда бір жұмыс күнінде 875 көлікке жүк тиеліп жолға шығатын болады. Соның 60 пайызы (525) қысқа мерзімді сақтау ғимаратында қайта тиеліп, 350 көлік ашық аланнан жүк алуға бейімделген. «Интергаз Орталық Азия» АҚ директоры Валентин Хван таныстырған жана жобаның өңірге әкелер жасқсылығы орасан мол. Ірі транзиттік және магистральді газ құбырлары облыс арқылы өткенімен аймақты газландыру деңгейі жоғары емес. Бұған қоса, қақыр қалыптастыру отырған күрделі экономикалық ахуал тұрғындарды газбен қамту үшін жана құралдардың қолданылуын талап етеді. Мысалы, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуы үшін қуатты инвесторлар табуға тура келеді. Сондықтан APL Construction ЖШС секілді жеке инвесторлардың тартылуы аймақты газландыру үшін ең тиімді тәсіл болып саналады.

Ұлттық оператор «ГазТрансГаз» АҚ инвестициялық серіктесі APL Construction ЖШС-імен бірлесіп, Жаркент қаласына жеткізуші газ құбыры мен автаматтандырылған газ тарату стансасын салып, наурыз айында іске қосқан болатын. Қолданысқа

берілген «Жаркент» АГТС-і мен газ құбырлары биыл аудан орталығының 43 мыңнан астам тұрғыны мен 161 өндірістік және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорынын, сонымен қатар «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын табиғи газбен жабдықтайды. Қазір газ құбырлары «Қорғас — Шығыс қақпасы» АЭА тартылуда. Жалпы ауданда 324 шақырым газ құбыры салынып, 11800 тұтанушыны қамтымақ. Жуырда Қытайдың Ляньюньган портындағы Қазақстан — Қытай логистикалық орталығы мен «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы арасындағы контейнерлік қызметті іске қосылды. «Құрғақ порттан» Қытайдың Шингуй қаласына, Ляньюньганнан Түркияның Ыстамбұл қаласына жүк тиелген контейнерлік пойыздар бүгінде өз жұмысын мүлтіксіз атқаруда.

Аталған бағдарлама аясында «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында Нұрқент ауылы салынып жатыр. Бұл Панфилов ауданындағы баспана алу кезегінде тұрған тұрғындар үшін ерекше көмек болғалы тұр. Әрқайсысы 60 пәтерлі екі үйдің құрылыс жұмыстары қауырт жүруде. Бұл пәтерлердің жалпы аумағы 6341, 68 шаршы метрді құрайды. Сметалық құны 885,5 миллион теңге, үйлерді салу Ринат Рысқұлов жетекшілік ететін New Construction құрылыс ұйымына келісімшарт бойынша жүктелген. Келісімшартқа сәйкес құрылысы 2015 жылы басталып, биылғы мамыр айының соңына дейін пайдалануға берілуі керек. Өткен екі жылда құрылысшылар 830 миллион теңге игеріп, көпқабатты үйлердің жалпы атқарылатын жұмыстарын тамамдаған. Биыл келісімшарт бойынша қалған 42,9 миллион теңге беріліп, нысанды пайдалануға беру істері атқарылууда.

— Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері аймақтарда бірде-бір жана қала салынбапты, Нұрқент тыңнан салынған алғашқы қала болмақ, — делі облыс әкімі.

Жақында бұл үй пәтерлеріне кезекте тұрған тұрғындар қоныстанбақ. Сонымен қатар Қорғас ауылдағы шекара түбіндегі болашақ жана қалашықтың инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің құрылысы қарқынды жүруде. «Альтайыр» кәсіпорны қолға алған инженерлік-коммуникациялық жүйенің жалпы ұзындығы 40,6 шақырым. Өткен жылдың қазан айында басталған жұмыстың басым бөлігі іске асыпты. Атап айтқанда, ауызсу жүйесінің 60 пайызы, жарықтандыруының 80 пайызы атқарылып, көшелерге асфальт төселуде.

Құрылыс жұмыстарының барысын облыстық құрылыс басқармасының басшысы Т.Бектасов мемлекет қаржысына салынған дайын инфрақұрылымды бар, болашақ қаланың алғашқы қоныстанушыларына үлескерлік немесе жалгерлік жолмен беріледі екен. Биыл ауданда құрылыс қарқынмен қолға алынған төменгі Пенжім ауылындағы фельдшерлік акушерлік пунктін сметалық құны 102, 205 миллион теңге. Өткен жыл соңында іргетасы қаланған нысанның құрылысы аяқталуға таяу. Бұрын орталықтан шеттеу орналасқан елеусіз шағын ауыл «Құрғақ порт» сынды ірі халықаралық жобамен іргелес. Болашақта бұл ауыл бүйірінен орын тепкен теміржолшылар қалашығы Нұрқентке, округ орталығы Пенжімге қосылып, қала типті елді мекенге айналуы тиіс.

Жаркент қаласының шығыс бөлігінде жасалып жатқан «Инженерлік-коммуникациялық құрылыс» нысанын да қарқыны тез. Өткен жыл соңында жер бөлініп, бастау алған құрылыс жұмыстарының жартысына жуығы атқарылған. Алдағы жылы талапқа сай инженерлік-коммуникациясы мемлекет қаржысына салынған аймаққа жер кезегінде тұрған қала халқы жер телімін алып, тұрғын үй сала бастамақ. Жаркент қаласындағы 300 орынды жана мектеп құрылысы толық аяқталып, алдағы уақытта пайдалануға берілмеқ. Жалпы, шекара шебінде орналасқан ауданның тұрғындары осындай жарқын жетістіктермен жұртты қуантып келеді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

8



E-mail:

jas_qazaq@mail.ru

Кәсіп

Атап айтар болсақ, бірінші басымдық, жаңа цифрлық технологияларды құру және озық тәжірибелер мен бизнес-процестерді енгізу арқылы экономиканың жеделдетілген технологиясын жаңғырту. Бүгінде «Атамекен» ғылыми-өндірістік кәсіпорнының сайтында коммуникациялар, ақпараттандыру және ақпарат комитеті жүйелі жұмысын бастады. Ол жетекші IT-компанияларды біріктіріп, жас IT-кәсіпкерлерді бизнес-ортаға тарту үшін IT-кенесін құрып, «Атамекен» қызметін іске қосты. Алматыда IT-индустрияны дамытуға мамандандырылған «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы ашылды. Онда 161 компания жұмыс істейді.

Екінші басымдық, бизнес-ортаны жақсарту және кеңейту.



БИЗНЕСКЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ

Қазақстан Президентінің жанында Кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі кеңес беру Омбудсмен институты жұмыс істейді. Қала әкімдігі Кәсіпкерлер палатасымен және даму орталығымен бірлесіп, Дүниежүзілік банктің рейтингі негізінде алып шаһарда 2017 жылға дейін бизнес-ортаны жақсарту жөніндегі іс-шара кешенін бекітті. Бұған қоса, кәсіпкерлік субъектілеріне қаланың бас жоспарына және жылу электр орталығына (ЖЭО) (<http://almaty.genplan.kz/>) қолжетімді болуы үшін энергетикалық әлеует картасы енгізілді.

Жер кадастры туралы сандық мәліметтер, кәсіпкерлік қызметтің субъектілерін қоса алғанда, дамуы жоспарлауда тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар карта арқылы табиғи монополиялар субъектілері, қаланың сәулет және қала құрылысы басқармасы электронды құжат айналымы жүйесіне қол жеткізе алады. Онда техникалық жағдайларды немесе кәсіпкерлердің құқықбұзушылықтарын дер кезінде анықтап алу үшін сәулет-жобалау тапсырмасын беру кезінде де қадағалауға болады.

Қаланың барлық аудандарында шағын және орта бизнестің (ШОБ) өсуіне және халықты кәсіпкерлікке жаппай тартуға мүмкіндік беретін кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары да жүйелі жұмысын бастады. Сонымен қатар көптеген бастауыш кәсіпкерлер құжаттарды алудың қиындықтарымен бетпе-бет келеді. Өйткені



«бір терезе» принципі әрдайым жұмыс істемейді. Осыған байланысты, «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін толық форматты кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығын құру негізгі жоспарда тұр. Инфрақұрылымға және жерге қолжетімділік мәселесін онтайландыруда шағын өнеркәсіптік аймақтар құру туралы да шешім шықты. Бұған қоса, кәсіпкерлерге арналған коммуникациялармен өндірістік алаңды құру да алдағы уақытта іске асатын болады.

Үшінші басымдық – макроэкономикалық тұрақтылық. Ал макроэкономикалық тұрақтылық үшін бірінші сөзекте жергілікті атқарушы мекемелердің қолдауы керек. Оның ішінде бизнестің қаржылық қолжетімділігін арттыру. Алматыдағы тиімді мысал ретінде – жеңілдетілген бизнесті

Елбасының биылғы Жолдауында да отандық кәсіпкерлерге оңтайлы жағдай жасап, мемлекеттік мекемелер тарапынан жасалатын қолдауды арттыру мәселесіне басымдық берілді. Жаңадан бизнес бастап, кәсібін деңгелетіп отырған кәсіпкерлерге тексеріс санын азайтып, керісінше қолайлы іскерлік ахуал қалыптастыру жағы айтылды. Жалпы айтқанда, шағын және орта бизнесті дамыту бүгінде үкіметтің басты назарында. Осыған орай кәсіпкерлік қызметті реттеуді жақсарту мақсатында 13 кодекске және 103 заңға мыңнан астам түзету енгізу қарастырылған. Бұған қоса, міндеттердің орындалуында бірнеше басымдық белгіленген болатын.



несиелендіру бойынша төрт өңірлік бағдарламаны атап өтуге болады. Олар: «Жібек Жолы», «Алматы-Өнім», «Алматы-Туризм» және «Алматы Инновациялары». «БЖК-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 34,6 млрд теңгеге 154 жоба мақұлданды. 7 326 жұмыс орны сақталды. Алдағы уақытта 1680 жұмыс орнын құру жоспарланып отыр.

Төртінші басымдық – жаңа жаһандық нақты ахуалға байланысты адам капиталын сапасын арттыру. Алматыда уақыт талабына сай мамандарды әзірлеу үшін сертификат беретін 12 орталық құрылған. Бұл орталық мамандардың бизнеске біліктілік деңгейін анықтайды. Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен арнайы коомиссия құрылды. Олар маманның техникалық және кәсіби білім алу үшін мемлекеттік білім тапсырыс аясын анықтайды. Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша колледждердің деңгейі қаралады. Соған сәйкес мемлекеттік тапсырыс жасалады.

Бесінші басымдық – институционалдық түрлендіру, қауіпсіздік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Алматы бизнесі корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің (КӘЖ) негізі болып табылады: Олар Алматы қаласының Өңірлік үйлестіру кеңесі – 56%, Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының (ӘКК) директорлар кеңесі – 57%, Түлектер кеңесі – 48%. Жер комиссиясы – 29%, табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті жанындағы сараптама кеңесі – 66% және т.б. Сондай-ақ қазіргі таңда Алматы қаласының әкімдігі кәсіпкерлер палатасымен отандық тауар өндірушілерді қолдау механизмін жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Бұл атом электр стансасы (АЭС) бастамасы бойынша, инвестиция және даму министрлігі тапсырысын жариялау арқылы дизайн құжатын әзірлеу кезінде отандық тауарларды іріктеудің міндетті талаптарын бекітуді көздейді. Отандық өндірушілерді қолдаудың бірден-бір құралы – Қазақстан Президентінің «Алтын сапа» сыйлығы. 2015 жылдан бастап кәсіпкерлік саласындағы ең беделді байқауды ұйымдастырушы

«Атамекен» ҰКП болып табылады. Биылғы жылы Алматыдағы кәсіпкерлер палатасына 22 компания конкурстық құжаттың ұсынды. Бұған ірі, орта және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуға мүмкіндігі бар. Олар – «Үздік компания», «Халық үшін шығарылған тауарлар», «Өндіріс үшін үздік кәсіпорны», «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорны» деген атаулар үшін сынға түсетін болады. Конкурса барлығы 113 қазақстандық компания қатысуға өтінім берді. Жәнімпаздар биыл 6 желтоқсанда «ЭКСПО-2017» Конгресс-орталығында марапатталатын болады.

Алма ТҰРЛЫБАЕВА,
Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасы директорының экономика мәселесі бойынша орынбасары

Тіршілік

Көрмеде елімізден бөлек, Оңтүстік Корея, Ресей, Түркия, Өзбекстан сынды шетелдік 50-ден астам компания өкілдері өз өнімін ұсынып отыр. Онда келушілер ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын, қосалқы бөлшектерді, суару және тыңайту технологияларын, жылыжайларды, тұқымдар мен екпелерді, тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын, мал шаруашылығына арналған технологияларды, ветеринарлық технологияларды көрді.

Халықаралық көрмеде отандық және шетелдік компаниялар мен кәсіпорындар облыстың аграрлық саладағы жетістігін көрсетіп қана қоймай, олармен іскерлік байланысты нығайтып, озық технологиялар туралы пайдалы мағлұмат алды.

Дәстүрге айналған AgriTek Shymkent – 2017 көрмесі Қазақстан мен шет мемлекеттердің аграрлық саладағы жетістігін одан әрі молайта түсетін болады.

Айта кетейік, жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен өнім көлемін арттыру үшін биыл оңтүстіктің шаруалары 900-ден астам ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған.

Бүгінде мемлекет деңгейінде ауыл шаруашылығы саласын дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленіп іске асырылуда. Елбасы Н.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 35-қадамында «Қазақстан аграрлық секторы үлкен экспорттық мүмкіндікке ие және инновацияны ендіруге жоғарғы әлеуетті сала болып табылады. Азық-түлікке деген қажеттілік жылдан-жылға өсе беретін болады. Бізге бұл мүмкіндікті жіберіп алмай, тиімді пайдалану керек» – деген болатын.

Осы биік талаптардың үдесінен шығу үшін Оңтүстік Қазақстан облысында үш негізгі кең көлемді міндет – ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыру, етті мал шаруашылығын дамытып экспорттау және суармалы жерлердің көлемін барынша ұлғайту мақсаты алға қойылды. Облысымыздың түкпір-түкпірінде ауыл шаруашылығы өндірісі кең құлаш жайып, даму үстінде.

ИМПОРТ КӨЛЕМІ 320 МЛН ДОЛЛАРҒА ТЕҢ

Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдаудың арқасында биыл ауыл шаруашылығы саласында үлкен жетістікке қол жеткізілді. Атап айтқанда, ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығында жалпы өндірілген өнім көлемі 376,5 млрд теңгеге құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 57 млрд теңгеге артты.

Оның ішінде: мал шаруашылығы – 172 млрд теңге (103,5%), ал егін шаруашылығы – 203,5 млрд (100,8%) теңге болды. Еліміз бойынша ауыл шаруашылығындағы Оңтүстік Қазақстан облысының үлесі 13 пайызды (*республика бойынша 2 орын*) құрайды.

Ауыл шаруашылығы негізгі капиталына тартылған инвестицияның көлемі 23,7 млрд теңгеден асып, бытырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,2 есеге (*республика бойынша 100,6%)* көбейді. Тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 9,3 млрд теңгеге жетіп, 2016 жылдың кезеңімен салыстырғанда 2,6 есеге (*елімізде – 152,1%)* артты. Ауыл шаруашылығы

«Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор»



(Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауынан)

экспортының көлемі бүгінгі таңда 211,4 млн долларды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 6 пайызға көбейді. Импорт көлемі 320 млн долларды құрап, тиісті кезеңмен салыстырғанда 4 пайыз кеміді. Бүгінгі күнге облыста 70 мыңнан астам агроқұрылымдар жұмыс жасауда.

ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТ АРТПЫП КЕЛЕДІ

Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі облыс бойынша 818,1 мың га құрап, өткен жылмен салыстырғанда 6 пайызға көбейді. Импорт көлемі 29,3 мың гектарға көбейді. Егіс көлемі негізінен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің экспорттық әлеуетке ие мақта және майлы дақылдарға басымдылық беруі есебінен ұлғайды.

Дәнді дақылдардың егістік көлемі 258,8 мың гектар (*оның ішінде: бидай – 187,5 мың гектар, арпа – 29 мың гектар, дәнді жүгері – 37,5 мың гектар, күріш 2,2 мың га*).

Бидай мен арпа толық орылып, әр гектардан 18,3 центнерден (*2016 жылы – 20,1 ц/га*) 400 мың тоннаға жуық (*2016 жылы 434,0 мың тонна*) өнім жиналып, қамбаға осынша астық құйылды.

Дәндік жүгерінің егіс көлемі 37,5 мың гектар (*2016 ж – 40,9 мың гектар*). Бүгінгі таңда, 37,4 мың гектар орылып, гектарынан 43 цн/га (*2016 ж. – 42,5 ц/га*), барлығы 171 мың тонна өнім түсті.

Жалпы 572 мың тонна (*2016 ж. – 633 мың теңге*) дәнді дақылдарды жинап алынбақ. Жиын-терім жұмысы аяқталып келеді.

112,1 мың гектар мақсары дақылдан (*2016 жылы 74, мың гектар*) толық орылып, гектарынан 8,5 ц/га (*2016 жылы 8,2 ц/га*), барлығы 96 мың тонна (*2016 жылы – 60,7 мың тонна*) өнім жиналды.

«Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы саласында экономиканың жаңа драйверіне айналып келе жатыр. Бұл мемлекеттің қолдауы мен шаруалардың тынымсыз еңбегінің жемісі. Облыстың егін шаруашылығында заманауи технологияларды қолдану жұмысы қарқынды түрде жалғасып келеді. Мысалы, облыста 5 мың шаруашылыққа тиесілі 1,3 мың гектардан астам жылыжай орналасқан. Оның 17-сі автоматтандырылған өндірістік жылыжай санатына жатады. Бұдан бөлек, өңірде сүт бағытында жаңа технологияларды қолдану белсенді жүзеге асып жатыр. Соңғы үлгідегі заманауи қондырғылардың арқасында сиырдың ербір басынан жылына 7 мың литрге дейін сүт алынады. Ал цифрлық технологияны қолданудың нәтижесінде құс етін өндіру 5 есеге дейін артуда». Бұл туралы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев дәстүрлі халықаралық мамандандырылған AgriTek Shymkent'2017 ауыл шашуашылығы көрмесінде айтты.



АГРОКЕШЕН: КҮНГЕЙДЕГІ КООПЕРАТИВТІҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

Мақта дақылының егіс көлемі 134,6 мың гектар (*2016 жылы 109,6 мың гектар*) құрап, *342 мың тонна шитті мақта (2016 жылы 286 мың тонна)* жинау межеленіп отыр. Бүгінгі таңда 320 мың тоннаға жуық шитті мақта теріліп, оның 60 пайызға жуығы қойбайнмен жиналды.

Жыл басынан 1,3 млн тоннадан астам бақша (*2016 жылы – 1,2 млн тонна*), 929 мың тонна көкөніс (*2016 жылы – 828,2 мың тонна*), 116 мың тонна жеміс-жидек, сонымен қатар 295 мың тонна (*2016 жылы 267,6 мың тонна*) картоп жиналды.

Тамшылатып суғару әдісі қосымша 7,5 мың гектар алқапқа ендіріліп, жалпы көлемі 58,5 мың гектарға (*республикалық үлестің 73%*) жетті.

171 гектар алқапқа қосымша жылыжайлар салынып, оның жалпы аумағы 1294 гектарға (*республикалық үлестің 80%*) ұлғайды.

Мал шаруашылығы бойынша да тұрақты өсім байқалып отыр. Ірі қара малдың саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,8 пайызға артып, 949,8 мың басты, қой мен ешкі 1 пайызға артып 4 млн 252,7 мың басты, жылқы 19,5 пайызға артып 291 мың басты, түйе 6,9 пайызға артып 26 мың басты, құс саны 1,2 пайызға кеміп, 2,6 млн басқа жетті.

Өндірілген өнім: Ет (*тірідей салмақта*) 5,1 пайызға (*135,3 мың тонна*), сүт 2,0 %- ға (*518,4*

АЛҒАШҚЫ ОРЫНДА

Ел үкіметі ауыл шаруашылығы саласында кооперативтерді құру жұмысына ерекше назар аударып, басымдық беріп отыр. Облыста осы бағытта жүйелі жұмыс атқарылды. Облыс әкімінің бастамасымен барлық аудан-қалаларда кооперативке бірігудің артықшылығы мен мемлекеттік қолдауларды шаруаларға түсіндіру мақсатында мамандандырылған көшпелі семинар – кеңес ұйымдастырылды. Осының арқасында халықтың кооператив құруға деген белсенділігі арта түсті. Нәтижесінде жыл басында облыс бойынша 242 кооператив болса, бүгінгі таңда олардың саны 640-қа жетті. Бұл кооперативтерге 55 мыңнан астам ұсақ шаруа қожалықтары бірікті.

Сондай-ақ биыл облыста министрліктің талабына сай 75 коопертив құру жоспарланған болса, бүгінде бұл меже екі есеге артық орындалып, 158 кооператив ұйымдастырылды. Осылайша, біздің облыс кооперативтер құру тапсырмасы бойынша елімізде алғашқы орынға шықты.

ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ҚАНАТТАНДЫРАДЫ

Бүгінгі таңда облыста құрылған кооперативтерді қаржыландыру жұмыстары жалғасуда. Ағымдағы жылы «Үш жақты» іс шара жоспары аясында бөлінген 8 млрд қаржының 3,2 млрд теңгесі «Нәтижелі жұмыспен қамту» бағдарламасы бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» облыстық филиалы арқылы 1,3 млрд теңгесі және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» облыстық филиалы арқылы 1,9 млрд теңге қаржы бөлініп, ол 100 пайыз игерілді.

Сонымен қоса, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» облыстық филиалының жарғылық капиталы арқылы 3,5 млрд қаржысы да әжетке жаралды. Оның ішінде қаржыны бау кооперативтерін дамытуға 1,9 млрд теңге қаржы (*«Береке Агро» 717 млн теңге, Қазығұрт ауданы, «Керемет Агро» – 702 млн теңге, Төле би ауданы, «KSG Агро» – 501 млн теңге, Шымкент қаласы*) берілді. Қалған қаражатты несиелендіруге ауыл шаруашылығы кооперативтері тарапынан қаржы қабылданып, толықтай ақшаны игеру жұмыстары жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі жылдан-жылға артып келеді. Мәселен, өткен жылы, саланы қолдауға 32 млрд теңге қаралса, 2017 жылы 34 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржының 26,9 млрд теңге 13 бағдарлама бойынша шаруаларға субсидия ретінде берілуде. Жалпы биыл 40 мыңға жуық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мемлекеттік қолдауға ие болды.

P.S.

Көктемі ерте шығып, қысы кеш түсетін күнгей өңірдің халқы бейнетқор. Маңдай терін төгіп, өнім өсіре, оны ұқсатып, сата да біледі. Әйтеуір, ала жаздай кептен арқалап, жер емген бағбан мен шаруа қауымының еңбегі еш кетпейді. «Балапанды күзде санайды» демекші, қоңыр күзде жиын-терімді қорытындылап, сабан той жасап жатады. Сөйтіп, көңілдерін демейді. Келесі жылдың өніміне негіз қалай бастайды. Бұл оңтүстік диқандарының қашанғы жаңылмайтын дәстүрі.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Оңтүстік Қазақстан облысы



Денсаулық

Мемлекеттің ең басты байлығы – адам және оның денсаулығы. Сол себептен

де елімізде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік реформалардың барлығы халық саулығын жақсартуға бағытталып отыр. Әсіресе денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында кешенді түрде барлық сала қамтылған. Осы ретте Атырау өңірінде бағдарлама аясында жасалып жатқан жұмыстарға тоқталып өтсек.

БӨПЕ «БҮМ»

Атырау өңіріндегі денсаулық сақтау саласындағы жұмыстар ең алдымен медициналық базаны жасақтау, саланы білікті кадрмен қамтамасыз ету, халық саулығын жақсарту үшін максималды мүмкіндікті пайдалануға бағытталған. Әсіресе, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі айрықша маңыз беріп отырған ана мен бала саулығы айрықша назарда келеді.

Тәуелсіздік жылдарындағы басты жетістігіміздің



ҰЛТ САУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

бірі – медицина саласының айтарлықтай тұрақтанып, күрделі ауруларды өз елімізде емдеу мүмкіндігінің артуы. Медициналық қызмет сапасының жоғарылауы – демографиялық ахуалдың жақсаруының негізгі көрсеткіші ретінде де айтылып жүр. Мәселен, соңғы он жылдағы деректерге сүйенсек, елімізде бала санының қарқынды өсуі байқалып отыр. Астана қаласы бойынша өсім 64,5 пайыз, Алматы қаласында 33,1 пайыз, Маңғыстау өңірінде 32,5. Осы тізім бойынша алғашқы бесікті Атырау облысы бастап тұр. Атыраудағы өсім көрсеткіші 24,7 пайыз. Міне, осы бір шағын сандар көрсеткішінің өзін – медицина саласындағы сапа өлшемімен байланыстыруға болады.

БАЛА ЖҮРЕГІНЕ ОТА ОБЛЫСТА ЖАСАЛАДЫ

Сонымен, мұнайлы өлке үшін биылғы жылдың басты жаналығы – балалар кардиохирургиясы саласындағы алға ілгерілеушілік болды. Енді, облыстық кардиохирургия орталығында жүрегінде кінәраты бар сәби мен балаларға да ота жасалатын болады. Бүгінде қолда бар мүмкіндік саралануда. Шыны керек, бұған дейін мұнайлы өңірде сәбидің жүрегіне ота жасау мәселесі өзекті болып келген еді.

Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мәншүк Аймұрзиеваның айтуынша, соңғы жылдары аймақта жүрегінде туаытты қауы бар балалар қатары көбейіп кеткен. Атап айтарлығы, жүрек ауруы негізінен мерзімнен ерте туылған сәбилерде кездеседі. Олардың «шала бала» атануының негізгі себебін мамандар ата-аналардың жүктілікті алдын ала жоспарламауынан, экологияның әсерінен, дұрыс тамақтанбаудан болып отырғанын алға тартады. Облыстың бас дәрігері Мәншүк Аймұрзиева «Бір кездері Атырауда неонатолог мамандар жоқ еді, үш жылда оларды өзіміз оқытып алдық. Сондықтан, балалар кардиохирургтарын да оқытсақ, күрделі оталарды өзімізде жасауға мүмкіндік аламыз» – дейді.

Жоспар бойынша, балалардың кардиохирургия бөлімі облыстық кардиохирургия орталығы жанынан ашылады деп күтілуде. Атырау облыстық кардиохирургия орталығының бас дәрігері Марат Қонысов балалар жүрегін емдейтін бөлімді ашуда

айтарлықтай қиындық болмайтынын айтады. Бас кардиохирург М.Қонысов «Орталық ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Жаңадан нысан салу да жоспарланған. Қондырғылар да жеткілікті. Ендігі кезекте кардиолог дәрігерлерді балалар кардиохирургиясына бағыттап оқыту, шеберлік сыныптарына қатыстыру жұмыстары қалып тұр. Оған көршілес Ресейдің ғалымдары құлшыныс білдіріп отыр», – дейді.

АУТИЗМ МЕН ДАУН СИНДРОМЫ ДА ЕМДЕЛУДЕ

Биылдан бастап Атырауда даму ерекшелігінде түрлі қауы бар балалар үшін бірегей орталық жұмыс істеп жатыр. Атап айтқанда, аутизм, даун синдромы, сал және

Мұнайлы өңірде тұңғыш рет ашылып отырған орталық қызметінің мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға тартып, оларға оңалту шараларын ұйымдастыру. Сонымен қатар кемтар балаларын бағып-қағып отырған ата-аналарға осы мекемеге оларды алаңсыз тапсырып, жұмысқа шығуларына мүмкіндік жасалып отыр. Орталық мамандары жартылай стационарлық жағдайда психоневрологиялық ауытқуы бар, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалармен қатар, қартайған жасына байланысты өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын зейіткерлерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Бүгінгі таңда мекеменің мамандандырылған бөлмелерінде жұмыс жасайтын 32 қызметкер әзірше мүмкіндігі шектеулі 16 балаға оңалту шараларын атқаруда.

Осындай орталық Атыраудың ең шалғай ауданы саналатын Қызылқоға ауданының Сағыз селосында да жұмыс істеп жатыр. Негізінен жергілікті әкімдіктің қолдауымен жұмыс істеп отырған орталық жиырмаға жуық мүмкіндігі шектеулі балаларға қызмет көрсетеді. Орталық жетекшісі Талжібек Қажығалиқызының айтуынша, демеушілердің көмегімен балалар үшін «құрғақ» бассейні, түрлі оңалту аппаратары сатып алынған. Сонымен бірге балаларға тұрақты түрде массажшы, дефектолог, психолог мамандардың көмегіне жүгіну мүмкіндігі қарастырылған. «Ауылымызда бұған дейін дамуында өзіндік ерекшелігі бар балалар үшін ешқандай орталық қызмет көрсетпеген еді. Ата-аналар балаларын аулаға шығарып сөйлетуден әріге аса алмауға мәжбүр болатын. Біраз жылдан

Осы Бағдарлама қол жеткізілген нәтижелерді бекіту мен дамытуға және денсаулық сақтау мәселесіндегі проблемаларды жаңа сын-тегеуріндерге сәйкес шешуге бағытталады, сондай-ақ саланың 2050 жылға дейінгі жоспарлы дамуы үшін негіз болады.

(Қазақстанның денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасына)

бері жұмыс істеп келе жатқан бұл орталыққа балалар аптасына бірнеше рет келіп ем алады, әрі сауықтыру бағытындағы түрлі ойындарды ойнайды. Мұндай балалардың дені моторикалық, яғни қолдың сезу қабілетін дамытуға арналған ойындарды тандайды», – дейді орталық жетекшісі Талжібек Қажығалиқызы. Әсіресе, ауылдағы ағайын ырза болған бұл орталықтар кішкене емделушілеріне тегін қызмет көрсетеді.

МАМАНДАР ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОЙЫЛАДЫ

Сапалы медициналық қызмет көрсету – медицина саласындағы негізгі бағыттың бірі. Сол себепті де Атырау облысының денсаулық сақтау басқармасы салаға жас мамандарды тарту мәселесін айрықша назарда ұстап отыр.

Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысы Мәншүк Аймұрзиева «Біз еліміздегі медициналық оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жасап жатырмыз. Оң нәтижелеріміз бар. Алматы қаласынан интернатура мен резидентураны тәмамдаған 30 және Ақтөбедегі жоғары оқу орнының 95 түлегі мұнайлы өлкеге келіп, қызмет етуге келісім беріп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстарды әлі де жалғастырамыз. Сол арқылы аймақтағы кадр тапшылығы мәселесі шешілмек», – дейді.

Қазіргі таңда облыста 1300-ге жуық дәрігер еңбек етуде. Әйтсе де, қолда бар деректерге сәйкес, 144 маманға сұраныс бар.

Тағы бір жаналық, Атырау облысының әкімдігі білім беру, медицина және ветеринария саласында кадр тапшылығын төмендету бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Айталық, биылғы жылы жергілікті бюджеттен 222 білім беру гранты бөлінді. Олардың 178-і педагогикалық мамандыққа, 35-і медицина саласына және 9-ы ветеринарды дайындауға бөлінген. Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев «Осы бағытта жұмыс жалғасады. Бұл қарқынмен біз алдағы бес жылда осы салаларда кадрлар жетіспеушілігі мәселесін шешуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар жергілікті билік жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз етуді жауапкершілігіне алды», – дейді.

ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖҮРУДЕ



балалардың саны 148 мың 652-ні құраған. Аймаққа шаққандағы көрсеткіш те қуантарлықтай емес.

Атырау облысының медициналық саясатының негізгі тармағы – мүмкіндігі шектеулі балаларға келерсіз орта қалыптастыруға арналып отыр. Және осындай игі істердің қамалық деңгеймен ғана шектелмей, шалғай аудан, ауыл, елді мекендерде жүзеге асып жатқандығы қуантады.

Мәселен, Атырау облысына қарасты Құрманғазы ауданында жергілікті жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі жанынан «Арнаулы әлеуметтік көрсету аумақтық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыс істейді.

2025 жылға дейін Атырау облысындағы 22 ауруханадан 14 аурухана қалдырылады деген жоспар жасалып отыр. Мәселенің мәнісін Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мәншүк Аймұрзиева былай түсіндіреді. «Біріктіру жұмыстары денсаулық сақтау ұйымдарының бірланып перспективалық жобасы аясында жүзеге асады. Перспективалық жоба бойынша аймақтағы 22 ауруханадан, яғни онкология, тері-венерология, наркология, кардио-орталық, перинаталды орталық, қалалық перзентхананы көп бейінді ауруханаға біріктіру және екі селолық аурухананы дәрігерлік амбулаторияға алмастыру арқылы, ұзын саны 14 аурухана қалдыру жоспарланған. Нәтижесінде қос көп бейінді аурухана мен көп бейінді балалар ауруханасы құрылады, наркологиялық диспансер облыстық психикалық денсаулық орталығының құрамына енеді», – дейді облыстың бас дәрігері Мәншүк Аймұрзиева.

Сонымен қатар басқарма басшысы облыс орталығындағы «Өркен» ықшамауданынан емхана салу және бес дәрігерлік амбулатория құрылысы, Атырау қаласында оңалту орталығы, медицина колледжінің студенттеріне арналған 200 орындық жатақхана салу – кезек күттірмес мәселе болып тұрғанын айтады. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сәйкес, аталған жұмыстарды мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Баян АТАЙМАНҚЫЗЫ

Бірінші байлық

Елімізде 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасы шеңберінде негізгі бес сырқат бойынша медициналық жәрдем көрсетудің интеграциялық үлгісі енгізілді. Әр бағыт бойынша аурудың алдын алу, емдік шаралар, реабилитация, диспансерлік бақылау, медициналық және әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Облыстардағы, сондай-ақ Астана мен Алматыдағы денсаулық сақтау басқармаларының, республикалық және аймақтық медициналық ұйымдардың жұмысын үйлестіретін бес координациялық кеңес құрылды. Сондай-ақ бұл кеңес медициналық көмек көрсетудің интеграциялық үлгісін енгізуге арналған Жол картасы шеңберінде атқарылатын шараларды да бақылап отырады.

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛ!

Жоғарыда айтып өткен негізгі бес сырқаттың ішінде инсульт пен миокард инфарктісі де бар. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, қан айналымы жүйесімен байланысты аурулардан болатын өлім-жітім бытырғы жылы 10,5 пайызға азайған. Әрине, статистикаға сеніп қол қусырып отыруға болмайды. Себебі әркімнің денсаулығы өз қолында. Өз

алғашқы белгілері туралы халықтың хабардарлығын арттыру жоспарланып отыр. Бұл өз ретінде уақтылы кәсіби емдеуді қамтамасыз етеді және асқынулардың алдын алады. Инсультпен күресу республикалық координациялық орталығымен (ИКРКО) бірлесе отырып, Денсаулық сақтау министрлігі жас және егде жастағы адамдарда инсульттің алғашқы белгілерін көрнекті сипаттап көрсететін 2 бейнеролик дайындады. Роликтер халықтың көбісін барынша қамту үшін емдеу мекемелерінде, Халыққа қызмет көрсету орталықтары, вокзал, автовокзал, әуежай сияқты қоғамдық орындарда, теледидарда таратылатын болады.



кезегінде аурудың алдын алуға бағытталған жұмыстарды еліміздегі ірі компаниялар да мойнына алған.

Жуырда «Берингер Ингельхайм» компаниясы инфаркт пен инсульт кезінде көмек көрсету және қатты асқынудың алдын алуға бағытталған жаңа әлеуметтік жобалардың іске қосылғаны туралы мәлімдеді. Әйгілі компанияның көпшілікке қажетті мұндай шараны қолға алуы бекер емес. Өйткені аталған сырқатқа шалдығатындар саны жыл өткен сайын артып келеді. Ал ауруды асқындырғаннан, оның алдын алу қай жағынан тиімді екені дәлелдеуді қажет етпейді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) деректері бойынша, жүректің ишемиялық ауруы (*миокард инфарктісін қоса алғанда*) және инсульт көп адамның өмірін жалмауда. 2015 жылы жер бетінде 15 миллион адам қайтыс болды. Тіпті 15 жыл ішінде бұл сырқаттар әлемдегі өлім-жітімге себепші аурулардың алғашқы ондығында.

Сол сияқты біздің елімізде де инсульт өлім-жітім себептерінің жиілігі жағынан миокард инфарктісінен кейін екінші орында. Қазақстанда жыл сайын орташа есеппен инсультке шалдыққан 49 мың адам тіркеледі. Науқас адамдардың жартысына жуығы бірінші жылы қайтыс болады. Аман қалғандары мүгедектің күйін кешіп, арнайы күтімге мұқтаж болады. Науқастардың азғантай саны ғана ешкімнің көмегінен өмір сүре алады. Бұрындары инсультке көбіне 50-ден асқандар шалдығатын. Соңғы кезде 30-50 жас аралығындағы еңбекке жарамды адамдардың арасында инсультке шалдыққандар көбейе түсуде.

Медициналық көмек көрсетудің уақыты пациенттің инсульттен кейінгі өмірі мен денсаулығын анықтайтын жетекші фактор екенін ескере отырып, халық инсульттің бастапқы белгілерін және науқастарға көрсетуге болатын алғашқы жәрдемді білуі қажет. Пациент миындағы өршу процестері қайтымды болатын инсульт өршуінің алғашқы сағаттарында ауруханаға түсетін болса, оның толыққанды өмір сүруін қалпына келтіру мүмкіндігі бар екенін түсінген жөн.

Сондықтан да корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік аясында «Берингер Ингельхайм»



компаниясы инсульт және миокард инфарктісі сияқты аурулар кезінде уақтылы медициналық көмек көрсетуге мүмкіншілік беретін екі жобаны іске қосты.

«Инсульт белгілерін ербір адам білуі қажет» жобасының аясында адамдар инсульттің алғашқы белгілерін уақтылы анықтау үшін және жедел медициналық көмекті кідрітпей шақыру үшін оның

ИНСУЛЬТТИҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІН БІЛІП ЖҮРІҢІЗ

1. Бетінің оң немесе сол жағы жансызданады
2. Бір қолы әлсірейді
3. Анық сөйлей алмайды

Мұндай жағдайда дереу жедел жәрдем шақыру қажет. Егер 3,5 сағат ішінде медициналық көмек көрсетілмесе, адам мүгедек болып қалады.

Жоғары қан қысымы – инсульттің негізгі себебі. Сіз осы топта болсаңыз, қан қысымын жиі тексерген жөн. Ең дұрысы – қан қысымы күнделігін жүргізу.

ИНСУЛЬТКЕ ШАЛДЫҒУ ҚАТЕРІ

1. Қан қысымының жоғары болуы
2. Мөлшерден көп холестерин
3. Қант диабеті
4. Жүрек сырқаты
5. Шылым шегу
6. Артық салмақ


жеткізуге дейінгі кезеңде жарақаттарға медициналық көмек көрсету, госпитальға жеткізуге дейінгі кезеңде тромболитикалық терапия жасау дағдыларына үйрету мақсатымен шығатын сертификатталған жаттығушылардан тұратын «мобильдік бригадалар» ұйымдастырылды.

Бұл орайда Қазақстандағы «Берингер Ингельхайм» бөлімшесінің бас директоры Тайфун Мерич былай дейді: «Біздің әлеуметтік жобаларымыз инсульт және миокард инфарктісімен күресу жолында көмегін тигізетініне және мыңдаған өмірді сақтап қалатынына сенеміз. Заманауи медициналық көмек және профилактикалық шараларды кеңінен қолдану ДДСҰ ұстанымына сәйкес 10 инсульттің 8-інің алдын алуға мүмкіндік береді. Осы стандарттарға қол жеткізу біздің жалпы мақсатымыз».

Ұлжалас БОРАНБАЙ

Өңір тынысы

БАЛЫ ТӨТТІ, БЕЙНЕТИ АШҚЫ



Балдың төтті екенін, денсаулыққа мол пайдасы барын әркім-ақ біледі. Алайда базар сөрелерінде сатылатын балға көпшілік күдікпен қарайтыны да күнделікті көрініс. Өйткені бұл тағамның өндірілуі мен тұтынушыға ұсынылуында қарапайым халық үшін күдік пен көмексіздік көп. Бір сөзбен айтқанда, жасанды бал мен нағыз таза ара балын ажырату қиын. Бұған жетісулық омарташылардың тәжірибелері жеткілікті. Балдың қасиеті көп. Өйткені адам денсаулығы үшін пайдасы мол дәруменге бай тағам және таптырмайтын дәрі-дәрмек. Құрамында өзге тағамда кездесе бермейтін ақуыз бен май, энзим және табиғи антибиотик көп кездеседі. Уы — биогендік стимулятор ретінде қолданылып, ағзаны нығайтады, иммундық жүйені күшейтеді. Сондықтан болар, халық оны көбіне ем ретінде қолданады. Ара да өте еңбеккер жәндік. Оның тіршілігі де қызық. Бал арасының бір аналығының қарамағында неше жүзге жуық ара тіршілік етіп, бір отбасын құрайды. Олар шамамен он шақырымнан аса жерді аралап, мыңдаған гүлге ұшып-қонып бал жинайды. Алысқа ұшса да күнге қарап өз уясын дәл табады. Сондықтан, бұл істі қызығымен бірге қиындығы қоса жүретін сала деуге болады. Десек те, өңірдегі бал ара шаруашылығымен айналысатындардың бастан өткерер қиындығы да көп.

Бүгінде Қарабал ауданының Шұбар ауылдық округіне қарасты Аралтөбе ауылындағы жиырмаға жуық адам омарташылықпен айналысады. Содан түскен табыс арқылы отбасыларын асырап отыр. Ара өсіріп, бал жинаумен айналысу — ауыл шаруашылығының бір саласы. Жетісу өңірінің табиғи-климаттық жағдайы және гүлді өсімдіктер түрінің көптігі омарта шаруашылығын дамытуға қолайлы. Осындай керемет табиғат берген мол сыйды тиімді пайдаланып, бірнеше жылдан бері омарташылық кәсіппен айналысып келе жатқан Марат Ізжанов бал арасының тіршілігімен таныстыра отырып, балдың пайдасы жайлы айтып берді.

— Омарташылықпен айналысу оңай емес. Балы төтті болса да, бейнеті ашы. Былтыр отыз бес уя бар еді, өткен қыстың қатал болуына байланысты жәндіктер қырылып, тоғыз уя ғана қалды. Соны быыл қайтадан қалпына келтіріп, ұяшықты жиырма беске жеткіздім. Бір ұядан он келі бал алуға болады. Бұл шаруаны ата кәсібіміз десек болады. Өйткені менің шешем осы салада қырық жыл бойы жұмыс істеді. Бауырым да жиырма жылға жуық уақыт ара өсіріп, бал жинаумен айналысты. Мен де оған



Биыл Алматы облысында кәсіпкерлікті қолдауға өткен жылға қарағанда, қомақты қаражат бөлінді. Оның ішінде «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 157 жоба іске асып, өңір кәсіпкерлерін ынталандыру жақсы жолға қойылған. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы жүзеге асырыла бастағалы бері шағын және орта бизнес субъектілеріне 26,3 млрд теңге көлемінде қолдау көрсетілген. Жергілікті бюджет және Кәсіпкерлер ұлттық палатасы есебінен 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, көптеген адамның кәсібін ашуға дем берілген. Соның ішінде 1,9 млрд теңгесі – жергілікті бюджеттен қарастырылғанын айта кеткен жөн. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде шағын несиеге 5,3 млрд теңге қарастырылды. Соның нәтижесінде жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны үш жылда 23%, жұмысшылар саны –16%, шығарылған өнім көлемі 29% өсті. Яғни бүгінде облысымыздағы шағын бизнес субъектілері саны – 867-ге өсіп, 8989 бірлікке жеткен. Кәсіпкерлер өңірдегі өнімнің құны 8 млрд теңгеден асқан. Бұл көрсеткіш өткен жылғы ұқсас мерзіммен салыстырғанда 4,5 пайызға артық. Ал шағын бизнес субъектілерінен бюджетке түскен төлемдер 1040 млн теңгені құраған. Демек, шағын бизнестің өңір экономикасына келтірген пайдасы орасан. Десе де, осы тірліктің басында ауылдағы ағайындардың тұрғанын несің жасырайық. Олардың бірі – шағын цех ашып, тігіншілікпен айналысса, енді бірі омартамен айналысып, тағы бірі наубайхана ашып, тіпті жылқы мен түйенің сүтін игілікке асырып, кіріс тауып отырғандары жетерлік. Біз осы ретте өңіріміздегі шағын бизнес арқылы шаруасын шалқытып, айналасына үлгі болған, кәсіп көзін ашқан бірқатар жерлесіміздің жігерлі бастамалары жайлы тоқталғанды жөн көрдік.

қызығушылық танытып, істің қыр-сырын терең меңгере бастадым. Омарташылықпен шұғылданып келе жатқаным жапырма жылдан асыпты. Содан бері тынымсыз еңбектеніп, бір талай тәжірибе жинадым. Бал жинау жалғыз

тәп-тәуір басталған сәтте Виктор Синицин жоғары қан қысымынан ауыр зардап шегіп, сырқатқа ұшырады. Шаруашылықтан кетсе де ата кәсібін жалғастырып, бал арасын баптауын тоқтатқан жоқ.

Бал беретін орыс арасының елімізде қолда өсіріп, жерсіндірілгеніне 300 жылға

адамға қиын. Сондықтан маған көбіне балам көмектеседі. Оған да бар білгенімді



Ағаш шебері
Қанат ҚОЙЛЫБАЕВ

үйретудемін, — дейді омарташы Марат Ізжанов. Бал арасын баптау жаркенттік Виктордың да ата кәсібі. Оның әкесі Александр Синицин 1971 жылға дейін осы кәсіппен шұғылданыпты. Виктор әскер қатарынан оралысымен, әулетінің дәулетіне айналған кәсібін әкесі баласына табыстаған. Содан бері Көктал кентінде тұратын Виктор Алексендр баласы «Орташа орыс арасының Жонғар селекциясы» деп аталатын тұқымын тінін үзбей бағып, жерлестеріне балын саудалап келеді. Алғашқы кезінде Виктордың меншігінде 15-20 ара үйірі болды. Қазір оның ара омартасының саны елуден асты.

Кеңес кезеңінде мұндай жекеменшік кәсіп жасап, өндірген өнімді саудалау мемлекет заңына қайшы қарекет болып табылатын. Сондықтан Синициндер әулеті бал арасын өсіргені үшін, жергілікті билік тарапынан талай құқай да көрді. Сол тұста бал қадірін бағалаған өңірдегі «Қазанның 40 жылдығы» агроқауымдастығы басқармасының төрағасы, екі мәрте Еңбек Ері Николай Головацкий Викторды қанатының астына алып, өз шаруашылығының құрамында бал арасын өсіруге ұсыныс жасаған болатын. Іс

жуық уақыт болыпты. Содан бері олардың әр аймақта жергілікті тұқымдары жетіліп, бабына қарай, өсіп өрістеген екен. Жерсінген бал аралары жұтаң жайылымнан да шырын жинап, иесіне береке береді. Бал арасы үшін Жаркент жерінде жайлы жайылым аз. Сондықтан жыл сайын мамыр айында Виктор ара омарталарын Іле өзенінің жағалауындағы Жиделі, Құндызды сияқты жасыл шалғыны мол аймақтарға көшіріп апарды. Бір айдан соң малшылармен бірге Арқас тауының баурайындағы жайлауға көшеді, күзде қайтадан Іле өзенінің жағалауына бет бұрады. — Бал арасы маусым айында жетіліп, бал бере бастайды, содан тамызға дейін, жайылым мен ауа

Қанат Қойлыбаев көмекшілері
Меркібай Жекеев,
Бақыт Ақатановтармен
ағаш тілетін цехта



райы қолайлы болса, қыркүйектің аяғына дейін омарта ортаймайды, — дейді Виктор. — Ауа райының қолайына қарай бал беретін араның өмірі 28-30 күн, аналық аралар 4-5 жыл тіршілік етеді. Алайда аурудан ала аналық араның 9 жыл тіршілік еткені жайлы ғылыми негіздеме бар. Аналық араны омарталас үйірі азықтандырады. Әр омартаның арнайы күзетші аралары болады.

Айта кетейік, елімізде өсімдіктің бес мыңнан аса түрі бар. Ал соның тоқсан пайыздан жоғарысы тозандандырғыш жәндік арқылы өсіп-өнеді, көбейеді. Тағы бір көңіл бөлетін ерекше жайт, ауыл шаруашылығындағы өсімдіктер көбіне бір-бірімен тығыз орналасып өседі. Сондықтан, оларды жергілікті жәндіктер өз денгейінде тозандандырып үлгермейді. Соның салдарынан алынатын өнім көлемі төмендеп, азаяды. Жаксы өнім алу үшін алдымен сол жерлерде тозандандыратын жәндіктер болуы тиіс. Ал дамыған мемлекеттерде мұндайға айрықша мән беріледі.

Мәселен, таза өсімдіктерді тозандандыруда алдымен тиісті жерлерге омарта орналастырылып, бал алу жағы екінші орынға қойылады. Осы жұмыс үшін қажетті мөлшерде ақы төленеді. Ал біздің елде тың жерлерді жаппай

игеру, өсімдік қорғау үшін химиялық препарат қолдану және дала өртінің жиі орын алуы сияқты жағдайлар табиғи тозандандырғыштар (жабайы ара, қоңыз, көбелек, тағы басқа) санының төмендеуіне әкеп соқтырды. Тіпті кейбір жерде мүлде жоғалып кетті десе болады. Сол себепті қазір табиғи өсімдік түрін қалпына келтіруге бал арасының көмегі қажет-ақ. Омартасыз экологиялық тепе-теңдікті сақтау қиын.

Ауыл шаруашылығында бал араларын өсіру үлкен кіріс көзі, сұранысқа ие өндіріс көзі. Алайда қазір бал арасын баптау саласында шешімін таппаған көптеген мәселе бар. Біріншіден, бұл саланы жетекке алатын арнайы мемлекеттік орын, медициналық қызмет жоқ. Екіншіден, 2002 жылғы 12 наурыздағы заңға сәйкес араға қажет дәрі-дәрмек жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыға берілуі тиіс. Алайда іс жүзінде бал арасын өсірушілерге ондай жеңілдіктер көрсетілмейді. Яғни арнайы заң бар, бірақ ол жұмыс жасамайды.

Сол сияқты кәсіпқой омарташыларға мемлекет тарапынан жеңілдетілген несие де қарастырылмаған. Осындай келенсіздіктер салдарынан өңірлерде таза балға қант араластырып, тұтынушыларды алдайтын саудагерлер саны көбейген. Әр бес жыл сайын аналық араларды жасартып отыру шарт. Осының бәрі табиғи таза өнімнің өркендеуіне және табысты саланың тамыр жаюына тұсау салып отыр. Оның үстіне бүгінде жергілікті саудагерлер таза балға қант араластырып,



жалған балдан еселеп табыс тауып жүрген көрінеді. Бұл келенсіздіктерін Виктор Синицин алаяқ саудагерлердің талай мәрте бетіне басқан. Алайда арнайы сарапшылар жоқ болғандықтан, жалған бал саудалаушылардың асығы алшысынан түсіп жүр. Мұндай жалған балды ұзақмерзім азық ретінде пайдаланудың соны ісік ауруына әкелетінін ойласақ, бал арасына байланысты аталған проблемаларды жедел шешпей, жағдай түзеле қоймас.

АҒАШТАН ТҮЙІН ТҮЙГЕН

Расымен, ұлтымыздың сонау ықылым заманнан келе жатқан қол өнерін меңгеріп, ғасырлар көшіне жалғап бара жатқан жандарды көргенде қуанып кетесін. Он саусағы өнеріне толы жандар әр ортаға керек. Олардың қымбат қазынасы өткеніміздің өрлігі, келешегіміздің келбеті. Райымбек

ауданы Қарабулак ауылдық округі орталығы Ақай ауылында тұратын Қанат Қойлыбаевты сол қатарға жатқызуға болады.

Елу үш жасына келген азамат осы өңірдің бір перзенті. Азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін біраз уақыт құрылыс саласында жұмыс істеген. 1990-жылдардан кейін көптен, көшпен қалмай «Көкжарлы» атты шаруа қожалығын құрады. Шапқылап жүріп шаруашылық тұсында гараж болған ғимаратты өз иелігіне алған. Қазір сол тамаша игілікке айналды. Былтыр аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы «Нұрай» несие серіктестігінен 2,5 миллион теңге несие алды. Сөйтіп, Семей қаласынан ағаш

тілетін құрал әкеліп, жаңа жұмыс орнын ашты. Қолынан іс келетін, бір жағына шығысатан Меркібай Жекеев пен Бақыт Ақатановты жұмысқа қабылдады. Осылайша, Жаланащ өңірінде ағаш тілетін цех шаруасын дөңгелетіп әкетті.

Қазір Ақай ауылынан бөлек, Жаланащ, Алғабас, Саты, Тоғызбулак, Қарабулак ауылдарының тұрғындары осы жерге келіп қарағай тілгізеді. Құрылысқа қажет дүниелерін тұратады. Бұдан бөлек, он саусағы өнеріне толы Қанат бастаған үш азамат қолдары босай қалса, тұрғын үйге қажетті ағаш бұйымдарын жасаумен тынбай айналысады. Оған сұраныс беретіндер де көп. Сөйтіп, үйдің есік, терезесін, заманауи үстелдер, қол жуғыш тағы да басқа қажетті ағаш дүниелерін көздің жауын алғандай етіп сапалы түрде жасап, иесіне ұсынады. Бұдан бөлек, тұрғын үй салатындарға қамыстан жасалған қабырға дайындап береді. Үйдің айналасын қоршайтын әдемі шарбақтар жасайды. Айта берсең, жұмыс көп. Соны көзімізбен көріп, риза болдық.

Қанаттың үйінде болып, қолынан шыққан ағаш бұйымдарына тәнті бола түстік. Қазақтың ежелден келе жатқан үй бұйымы тамаша астау жасапты. Қазақтың ежелгі шоқпар сынды қаруын ағаштың тамырынан жасапты. Біреу емес екеуі тұр.

— Әкем Ауғанбай Қойлыбаев бір кенішардың ұстасы әрі ағаш шебері болды. Шаруашылықтың да жұмысын жүргізді. Көпке де пайдасы тиді. Он саусағынан төгілген өнерімен ұсталықпен де айналысты. Бұл өнерді, игілікті әрі қарай жалғастырып жүргеніме тәубе деймін. Шынымды айтсам, өмірлік нәсібіме айналды, — дейді Қанат.

Қанаттың жары Алтын Қазыбай мұғалім екен. Бақыттарымен шырайлана түскен шаңырағынан шаттық лебі есіп тұр. Жарасымды жұп, өңгелі отбасына ырсы дарыған. Үлкен ұлы Дидар жоғары оқу орнын экономист мамандығы бойынша бітіріпті. Қанаттың отбасы келін түсіруге қамданып жатқанын естідік.



ЕҢБЕКТІҢ НАНЫ ТӨТТІ

Қуатты заманауи комбайн «Кляйнинн» рөлінде Ерлос Құрақбаев. Жас комбайншы өз ісінің шебері. Әмбебап техниканың іші де жайлы. Құрастырушы неміс мамандары онда салқындатқыш та орнатқан. Бір міні жоқ. Тракторшылар бүгінде жаңа техниканы бір адамдай меңгеріп алған. Олар бір күнде 10-12 гектар жерді жыртады.

Қаратал ауданындағы «Балпық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де балтамырдың бабын тапқан ұжым. Сосын да құнарлы топыраққа бой тартқан төтті түбірдің



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

11



түсімі мол. Ерте көктемде 25 гектар жерге тұқым сеппен серіктестік енді әр гектардан кем дегенде 350 центнер қызылша алуды көздеп отыр.

Бітік шыққан дақылға қарап, мұның сырын сұрағанымызда шаруа басшысы Шәкәрім Әдетбеков бәрі де білікті жұмысшылардың арқасы екенін жеткізді. Атай кетсек, сұарушылар Мұқан Ахуалы, Уатхан Шаймарда,

Тағы бір тілге тиек ете кетерлік жайт, биыл Қаратал ауданында «Өрлеу» ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Жайлаубек Бласовтың айтуынша, бұл ұжымның құрылуының негізгі мақсаты — аймақтағы жеміс-жидек, жуа, сәбіз, қарбыз өндірушілерден сатып алып, өнімді Алматы және Ресейдегі Сібір қалалары сұранысына орай өңдеп, сақтап, аталмыш шаһарлардағы

арналған кітаптар оқып, білімін жетілдіріп отырған. Аталған саланың сырын терең менгеру үшін Алматы қаласына барып, тегін жұмыс та істепті. Әкесі Есімхан Абдрайұлы математик, анасы Сайлаукул Абаева медбике қызметін атқарыпты. Әкесі де қолөнер шебері, темірден түрлі бұйым жасап, ұсталық кәсіппен айналысқан.

өрістетпек ниетте. Өзі ісінің шебері атанып, кәсіпті нәсіп еткен келіншектің бизнеспен шұғылданғанына сегіз жылдай уақыт болған. Айзат үй ауласынан шағын тігін цехын ашқан. Цехты өз қаражаты есебінен салыпты. Онда қазір терезе перделер мен көрпе-жастықтар және киім-кешектер пішіліп, тігіледі. Ұлттық нақыштағы киімдер де бар. Көз жауын алатын түрлі-түсті құрақша көрпешелер де сол жерден табылады.

Айзат құрақты өзін құраймын дейді. Ал көрпе негізінен қой жүнінен жасалады. Ескі көрпелердің мақтасы қайта өңделіп, жана өнім етіп шығарылады. Дайын бұйымдарға көбіне ауыл тұрғындары тапсырыс береді.

Кәсіпкер келіншектің негізгі мамандығы есепші. Бұған дейін аталмыш сала бойынша әртүрлі мекемеде қызмет істеп, кейіннен отбасылық жағдайға байланысты тігін ісімен айналысуды қолға алыпты.

Жалпы, кәсіпкердің бұл іске деген қызығушылығы бала жасынан қалыптасқан. Тігін тігудің қыр-сырын негізінен анасының әпкесінен үйреніпті. Ол кісі тігіншіліктің шебері болған көрінеді. Өзі де ізденіп, тігін өнеріне арналған кітаптар оқып, білімін жетілдіріп отырған. Аталған саланың сырын терең менгеру үшін Алматы қаласына барып, тегін жұмыс та істепті. Әкесі Есімхан Абдрайұлы математик, анасы Сайлаукул Абаева медбике қызметін атқарыпты. Әкесі де қолөнер шебері, темірден түрлі бұйым жасап, ұсталық кәсіппен айналысқан.

да сол ауылдан табылады. Өндіріс орны нан пісіруге лайық барлық қажетті құрал-жабдықпен жабдықталыпты. Бастапқыға қарағанда табыс көзі де молайған.

Кәсіпкердің жұмысына көбіне әкесі Асқар Құлатаев пен анасы Гүлнәр Шалқыбекова және бауыры Бауыржан Құлатаев көмектеседі екен. Табиғатынан жаңашыл іскер жанның кәсіпкерлікте ғана емес, сондай-ақ басқа шаруаға да ерекше мығым, тыңғылықты екені бірден аңғарылды. Әңгімелесу кезінде оның талаптылығы мен ізденіштігі іштей сүйсіндірді. Тіпті кісі алдында өзін-өзі ұстауы мен сөйлеген сөзі, сабырлылығы да ерекше қызықтырды. Дәл осы сәтте «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген тәмсілдің мағынасын терең түсінгендей болдым. Нарық пен бәсекеге икемі бар жанды заманның өзі бейімдей беретіні анық. Сөйтіп, кәсіпкерлікпен шұғылдануға біржолата бет бұрған іскер жан уақыт өте келе шыңдалды, тәжірибе жинақтап, саланы жетік менгерді. Сөзімен де, ісімен де өзінің қолынан іс келетініне көз жеткізді. Бұл оның бойындағы іскерлік қабілет пен өзіне деген сенімнің нық екендігін аңғартты.

ҚЫМЫЗДАН ҚАРЖЫ ТАПҚАН

Биенің сүтін сары балға теңеп, қымыздан асқан дәм жоқ екенін айтқан Ақтамберді жыраудың сөзі бүгін ақиқатқа айналғандай. Оның айқын көрінісі — жер жанның Жетісудың кастерлі төрі Райымбек ауданының салтына, дініне берік жұрты қантарда есік ашатын дәстүрлі жылды тек қымызбен қарсы алатын дәрежеге жетті. Бұл соңғы 5-10 жылдың көлеміндегі игі өзгеріс пен жақсылықтың нышаны сынды.

Жаз маусымында бие байлап, қымыз әзірлейтін өңір жұрты енді қантардағы жана жыл үшін деп арнайы қымыз сақтап қоятын болды. Мұндай шаңырақтар аудандағы әр ауылдан кездеседі. Мұндай игі шараға мұрындық болып жүргендердің дені атажұртына оралған қандас бауырлар. Олар ұлттың ең кастерлі суынының бағасы мен барын одан әрі арттырып, мерейін тіптен асқақтатып келеді.

Иә, біз барған Сарыжаз ауылындағы ерлі-зайыпты Дүйсен Мұқаметжан мен Бакытгүл Жылбысқызы да сол арғы беттен оралған қандастар. Бүгінде олардың бір

ӨМІР – ҮЙРЕТЕДІ

механизатор Тимур Ибрагимов, Арыстанбек Ноғайбаевтың еңбегі зор. Осы салада отыз жыл еңбек еткен Төлеген Мәмбековті де сол қатарға қосуға болады. Олар еңбекпен тапқан нанның дәмі тәтті екенін ерте білген. Бүгінде істеген еңбектеріне байланысты алатын ақшалары да қомақты.

Шаруашылықтарды аралау барысында шаруалардың да өтініш-тілегі болды. Олар келесі жылы осы кемшіліктер жойылса дейді. Мәселен, егіс танабына байыппап қараған адамға шіріген қызылша түбірлері де көзге шалынады. Шаруалар дер кезінде кеңес сұрауға білікті мамандардың тапшылығын болса да қолжетімсіздігін алға тартады. Егер оның жайын білетін мамандар уақтылы келіп, дерттің белгісі алғаш байқалғанда сараптама жасап берсе, соған орай себілетін дәрі түрін ұсынса, бұлай болмас еді, — дейді олар.

ӨНДІРІС КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Бүгінде өңірдің дамуы тың серпін алды. Осы барыста өндіріс бұйымдарына, оның ішінде отандық өнімге деген сұраныс арта түсті. Нәтижесінде көптеген жұмыс орындары ашылып, жекелеген өндіріс ошақтары өз өнімін беріп те үлгерді. Жеке кәсіпкер Жайлаубек Бласов өз жұмысын 2007 жылдан бастап «Қаратал» құрылыс бұйымдары дүкенін ашудан бастаған. Аталған дүкен аудан тұрғындарының құрылыс жұмыстарына қажет сан алуан тауармен қамтамасыз етіп, жылдан-жылға ұсынылатын өнім түрі мен көлемін тез ұлғайтты.

Алдыңғы жоба 2011 жылы қолға алынды. Биыл 30 жұмысшысы бар құрылыс бұйымдарын өндіретін цех іске қосылып, шлакоблок өндірді. Тапсырыстың молдығына

сауда-саттық орындарына жеткізіп беру.

Жайлаубек Бласов «Қазір осы мақсатта 2000 шаршы метрге көкөніс қоймасы сатып алынып, жуа сақталуда. Келешекте қойманы 2000-4000 шаршы метрге дейін кеңейтуді жоспарлап отырмыз», — дейді.

Шаруасы тиынақты, табысы қомақты кәсіпкердің алға қойған жоспары да көп. Оған уақыт сарапшы десек, осы барыста мемлекеттік қолдаудың да қажеттілігі туындамақ. Осы барыста шаруашылық иесі кәсібін өркендетуге үнемі септесіп, көмек қолын созып отыратын аудан әкімдігіне алғысын жеткізді.

ЕҢБЕК ЕТСЕҢ, ЕРІНБЕЙ...

Бүгінде белгілі бір кәсіппен айналысып, ел дамуына күш салып жүрген жандарды көргенде іштей риза боласын. Солардың ішінде шағын және орта кәсіпте шаруасын дөңгелетіп, ерекше қырынан танылып жүрген қыз-келіншектер де бар.

Ауыз толтырып айтуға оңай болғанымен, кәсіп ашып, оны одан әрі ұршықша үйіріп әкету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, қандай да бір істі бастағанда кедергілер мен қиындықтарға тап болатынын рас. Сондықтан оған да ептілік, үлкен сабырлық пен білім-біліктілік қажет. Сонда ғана ойға алғандарды жүзеге асырып, максат-армандарға жетуге жол ашылады. Қазір облыста көптеген кәсіпкер мемлекет қолдауының арқасында істерін кеңейтіп, жұмыстарын жандандыруда. Осындай қолдауды тиімді пайдаланып отырғандардың бірі — Баканас ауылының тұрғыны Айзат Абдраева.

ТАБЫС ТАЛАПТЫ ЕСЕЛЕЙДІ

Әйел қауымының бизнеске араласуы іскерлікті айғақтаумен қатар сенімді нығайтатындығымен де ерекшеленеді. Сонысымен ескірген әлеуметтік көзқарасты өзгертіп, жана түсінікті қалыптастырады. Осындай ер мінезді кәсіпкер әйелдердің батыл қадамына, игі істеріне қарап, іштей қызығасын. Онымен етене араласпасаң да тыңдырымды тірлігіне қуанып, сүйсінесің. Кейде атына сырттай қанық адамдар болады. Онымен жақын таныса отырып, ой бөліскін, сырласқын келеді. Ақыл-көнесін тыңдап, тәжірибе алмасқанды қалайсың. Мұндай жүгі ауыр, жауапкершілігі мол істі жүргізуге қабілетті өжет қыздар елдің кез келген түкпірінде кездеседі. Солардың бірі — Ботагөз Советқалиды айтуға болады. Ол жас та болса, ұжымды біте қайнастырып, кәсібін дөңгелетіп отыр.

Ботагөздің айтуынша, олардың шаруасы «Шалқыбекова» жеке кәсіпкерлігі деп аталады. Олардың бизнеспен айналысқандарына жиырма жылдай уақыт болыпты.

Содан бері іргесі қатайып, іс ауқымы кеңейе түскен. Бүгінде кәсіпкер келіншек барлығы жиырмадан аса адамды жұмыспен қамтып отыр. Бастапқы жылдары дүкен, содан соң дәмхана, бірте-бірте кәсіптері жанданып, «Мерей» атты тігін цехын ұйымдастырған. Қазір оның жұмысы тігіншілердің жоқтығына, яғни маман тапшылығына байланысты уақытша тоқтатылыпты. Ал дәмханада сырттан келген қонақтарға тағамның небір түрі әзірленіп, ұсынылады.

Нан — күнделікті тұтынатын азық-түліктің бірі. Ал оны пісіру тағам әзірлеу ісіндегі көшбасшы сала болып саналады. Сондықтан ол әрдайым жоғары сұранысқа ие. Осыны ескерген кәсіпкер былтырдан бастап нан пісіруді де қолға алған. Оны өз қаражаттары есебінен жүзеге асырыпты. Қазіргі кезде онда нанның небір түрі дайындалады. Біз оған арнайы барғанда көз жеткіздік.

«Мерей» наубайханасының ішіне кірген мезетте-ақ қайнаған тіршілік әлеміне тап боласың. Буы бүркырап, сап-сары болып жана піскен нан иісі бірден тәбетті ашады. Мұндағы қыз-келіншектердің бірі қамыр илеп, нан пісірумен айналысып жатса, енді бірі пештен жана шыққан нанды арнайы ыдысқа салып, майлап, әрлеумен шұғылданады. Әркім өз ісінің шебері екендігін бірден аңғартады. Нан пісірудің қыр-сырын жетік менгерген тәжірибелі қыз-келіншектердің жүзі жарқын, көңілдері көтеріңкі. Бұл мекемеде еңбеккерлер

үшін барлық жағдай қарастырылған. Мәселен, арнайы жуынатын жер, асхана, демалыс бөлмесі бар. Мұндағы еңбеккерлер санға емес, сапаға мән беретіндіктерін айтады.

Шағын наубайханада қазір жеті адам еңбек етеді. Нан пісірушілер екі ауысымда қызмет көрсетеді. Дайын өнімнің тұтынушылары

ауылдың шаруасының дөңгелеуіне септесіп отырған жайы бар.

— Біз бұрын Қапал жеріне тұрақтағанбыз. Бұл ауылға өткен жылдың қараша айында қоныс аудардық. Келе салып қанға сіңген кәсібімізбен айналысып кеттік. Кейін жақын туыстарымыздан құлынды биелер алдық. Қазір қыс маусымында жылы қораның ішінде 3 бие байлап отырмыз. Бүгінде қымыздың әр литрінің бағасын 500 теңгеден сатудамыз. Ең бастысы, емдік қасиеті үшін күн сайын сауамалын алатындар бар, — дейді Дүйсен Мұқаметжан.

Аталған отбасы екі-үш бие байлап, күн сайын 15-20 литр қымыз сатып отыр.

Осы ретте отағасы қымыз әзірлеумен тек оның ауырталығын көтеріп, қадір-қасиетін бітетіндердің ғана айналысатынын, бүгінде жұртшылық назарының осы кәсіпке ауа бастағанын тілге етті. Әрі жаз шыға үйінің жанындағы күре жолдың шетінен 40-50 адамға арналған қымызхана ашып, сауып отырған биенің санын көбейтпек жоспарының да барлығын жеткізді. Бұл ойын ауыл әкімі Нұрлан Ойрқұлов та қуана қолдаған екен.

Тіпті Үлгірек ақ дәмнен ауыз тиіп, ауылдағы жұрттың ақ пейіліне көңіліміз тойған біз де ерлі-зайыптылардың алдағы жұмыстарына береке тілеп қайттық.

БЕСАСПАП АЗАМАТ

Ауыл — алтын бесік. Оны түлету, уақыт талабына сай көшіп көрікті ету, аса маңызды. Бұл орайда туған жерін тұғыр етіп, құшағында жүрген азаматтарының көтерген жүгі, атқарып жүрген игілікті істері көп көмекке келері хак.

Райымбек ауданы Ақай ауылында тұратын Еділ Сәрсенбаевтай еңбеккер жанды жерлестері «бесаспап азамат» дейді. Шын мәнінде, көп құрметіне лайықты жан. Ауылдастарының алғысын арқалап жүрген азамат. Журналистік ісшарымыздың біріне Еділдің үйінде болдық. Жүргізіп келе жатқан бар шаруасына көңіліміз толды. Оның үйінің ауласын жедел машина-трактор жөндейтің шағын шеберхана деуге әбден болады. Не керектігін бәрі бар. Күніне 2 тоннаға дейін үн шығаратын диірменің қорық. Сураныс иелері болса диірмен де іске дайын. Таға, шеге тағы да басқа керекті дүниелер соағын ұстаханасында тұр. Көрігі,

құрал-жабдықтарының бәрі орнында. Оның сыртында темір жонатын цех жұмыс істейді. Бұл да қат-қабат жүргізілетін жазғы наудандық жұмыс кезінде бұзылған түрлі техникаға, агрегаттарға көмекке келетін игілік. Машина-трактор жөндеуге арналған аулада көліктердің дөңгелектеріне жел үрлейтін құрал бар. Ең бастысы, қыжалат болып, іздеген адам қажетті көмегін ала алады. Сөйтіп, риза көңілімен аттанып жатады. Еділдей азамат үй ауласындағы ұстахана, диірмен, станоктың бәрін жүргізеді. Бәрін бес саусақтай менгеріп алған.

Рас, мұның бәрі Еділ Сәрсенбаев басқаратын «Сұлысай» шаруа қожалығының иелігіндегі дүниелер. Аталған шаруа қожалығы уақыт талабына сай жұмыс жүргізіп келеді. Төрт түлік мал өсіреді. Егіншілікпен айналысады. Арпа, бидай себетін 40 гектар егістік жері бар. Оны да тиімді пайдаланып келеді. Шаруа қожалығының Нұрболат Сәрсенбаевтай малшысы, Құрманбай Ниязақұновтай техника жүргізушісі бар. Қожалықта трактор, жүк көлігі, науданды жұмыстарға қажетті агрегаттар көз тартады. Оның бәрі өз жұмыстарынан босаған кезде елдің де игілігіне жарап жатады.

Бесаспап азамат өнегелі шаңырақтың иесі. Жұбайы Толқын Нұрмұратова ауылдағы дәрігерлік амбулаторияда фельдшер болып еңбек етеді. Олардың сүттей ұйыған жыр-жылы шаңырақтарында төрт бала өсіп келеді.

Үйінің ауласын жедел машина-трактор жөндейтін шағын шеберханаға айналдырған Еділдей азаматтың қолы қуатты бола берсін!

ЖОБА ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында Start-Up жобасы қаржыландырылды. Жеке кәсіпкер Диана Жұмалділова қаладағы саяжайда шағын дүкенде жұмыс істейді.

Кейіннен сол сауда орнын сатып алуды ойлайды. Сөйтіп, аталмыш нысан иесі Дианаға ғимаратты алдымен жалға алып, кейіннен сатып алуға кеңес берді. Енді ол кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының кеңесшілермен



бірлесіп, ісін жүргізе бастады. Бастапқыда кәсіпкер іс жүргізу үшін оқудан өтіп, бизнес-жоспар құрды. Жұмыспен қамту орталығынан жолдама алып, несие алуға тиісті құжаттар жинады.

— Әрине, бастапқыда оңай болған жоқ. Десек те, «Даму» қоры кеңесшілері көмегінің арқасында бастаған ісім нәтижелі болды. Қазір бұл дүкен менікі және несие бойынша да жүктеме жеңілдеді, — дейді Диана. Кәсіпкер барлық қаражатын тауарға жұмсап, банк талап еткен бастапқы жарнаға күші жетпеген еді. Дәл осы сәтте кепілдік беру құралы көмекке келіп, несиенің толық сомасын алуға мүмкіндік алды. Нәтижесінде «БанкЦентрКредит» АҚ-дан жылдық алты пайызбен қаржыландырылып, қазіргі дүкенін сатып алды.

ТҮЙІН:

Біз жоғарыда шалғай ауылдағы бірнеше кәсіпкердің жана бастамасы туралы айттық. Әрине, тыңнан түрен салып, кәсіптен нәсіп табудың жолы сан түрлі. Оған тек шыдамды, жаналыққа жаны құмар, қолынан іс келетін іскер азаматтар мен азаматшар ғана батылдықпен бара алады. Біз сондай қайратына қажыры сай, білегіне біліктілігі үйлескен жандардың жайдармен істері жайлы тоқталдық. Расында, бүгінде қаржы көзі там-тұмдал баратын ауылды жерлердегі кәсіпкерліктің өріс алуы көптеген тосқауылға дөп келіп отырады. Олар мемлекеттік бағдарламаның да игілігін көріп, өзіне берілген мүмкіндікті ұтымды пайдалана білді. Сол арқылы тұрмыс-тіршілігін жақсартумен қатар, мемлекетке де қыруар кіріс кіргізуде. Жыл сайын облыстың бюджеті молығын отырса, соның ішінде ауылдағы қарапайым кәсіпкерлердің де қаржысы бар деп білген жөн. Шынында, мемлекеттен қаржылай көмек алып, оны игерудің жолын білмей жол ортада бастаған жұмысын тастап кететін, оның арты дау мен айтқаса ұласып жатқандар да бар. Осы ретте олар жайлы емес, сондай қиындықты жеңіп, қиырдан қаржы тауып, кәсіптің көзін ашып, бағын баптағандардың бастамасын бүкпесіз жеткіздік. Одан өзініз тәжірибе алып, өміріңізге азық етсеңіз, біз үшін қуанышты болмақ.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



орай ұсыныс көлемі артып, цехтың өндірістік қуаттылығы тәулігіне 300-400 блокқа жетті.

Бұған қоса, өндіріс иесі былтыр шағын және орта кәсіпкерлікті несиелендіру мақсатында аумақтық қаржыландыру бағдарламасына қатысып, «СберБанк» АҚ-нан 8 млн теңгеге несие алды. Қазір бұл ақшаға өндірісті кеңейту мақсатында цехті жобасын іске асыруда.

Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Береке Несіпбаев биыл оның «Бизнестің жол картасы — 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының көмегі арқылы бір миллион теңге көлеміндегі қайтарымсыз грантка қол жеткізгенін айтты. Енді ол сол қаражатқа жүн түтетін жана құрылғы сатып алып, кәсібін одан әрі

МӘДЕНИ МҰРА

Көрме аясында ел астанасын Алматыдан Сарыарқа төріне

«Көрмеге құнды экспонат пен өнер туындылары, тәуелсіздік жылдары Елбасымыз қол қойған маңызды құжаттардың тұннұсқасы, тәуелсіздіктің тарихи кезеңін қамтыған фотоматериал қойылды». Бұл жайында «Н.Назарбаев: Дәуір, Тұлға, Қоғам» атты көрменің ашылуында Махмұд Қасымбеков мәлімдеді. Елбасының кітапханасы директорының міндетін атқарушы М.Қасымбеков «Мұнда мемлекет басшысын ұлықтаған 50 елдің жоғары марапатын көруге болады. Қолтаңба қойылған бағалы әрі сирек кездесетін кітап та осында. Біз көрмені 2018 жылдың 15 қаңтарына дейін ұзартуды қарастырудамыз. Оған кел дегенде 50 мың алматылық келеді деген хіміттеміз», – деп атап өтті.



көшірген 20 жылдың ішінде алғаш рет Президенттің жеке мұрағаты, жеке кітапханасы және музей қорының



зерттеу нәтижесі мен материалы қала жұртшылығының назарына ұсынылып отыр.

Арнайы іс-шараға мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек пен зиялы қауым өкілі қатысты.

Жиында сөз сөйлеген қала әкімі Б.Байбек Алматыны мемлекет басшысының тұлғасымен тікелей байланысты қала екенін атап өтті. Ол «Елбасының тұрақты қолдауының арқасында Алматы ел экономикасының бөтен бір бөлігін беретін Орталық Азиядағы ірі мегаполис ретінде даму үстінде. Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлға ретінде құбылысы, яғни феномені зор тарихи шешімді қабылдауынан көрінеді. Олар - Тәуелсіздікті жариялау, Конституцияны қабылдау, астананы көшіру және тағы басқа көптеген маңызды шешімдері», – деп сөзін түйіндеді.

Жоба аталмыш көшпелі қор көрмесінің салтанатты ашылу рәсімінен басталды. Көрменің негізгі мақсаты – Елбасының Тәуелсіз Қазақстан тағдырындағы рөлін мұрағат құжаттары мен жәдігерлер арқылы жүйелі түрде кенінен көрсету болып табылады.

Көрме 4 бөлімнен тұрды: «Көшбасшы жолы» бөлімі. Бұл бөлім Қазақстан Президентінің

енгізген Н.Назарбаевтың мемлекеттік құрылым тұжырымдамасының қалыптасуы мен дамуы тарихына



жетеледі. Көшбасшы феномені Семей ядролық полигонының жабылуынан бастап, мемлекет астанасын көшіру идеясын жүзеге асыруға дейінгі тарихи маңызды бар шешім мен бастама арқылы көрініс тапқан.

«Елбасы мәртебесі – ел мәртебесі» бөлімінде Көшбасшының және Қазақстан халқының жаһандық үдерістердің тұрақтылығы мен өркендеуіне қосқан үлесін тану белгісі ретінде ұсынылған Елбасының жоғары мемлекеттік наградасы баяндалған.

Ал «Әлем қадірлеген Елбасы» бөлімінде еліміздің қарқынды сыртқы саясаты көрсетіледі. Бұл – әлемдік деңгейдегі саясаткердің биік беделін танытады. Еліміздің көпвекторлы сыртқы саясаты дипломатиялық сыйлық, жеке жазба, мұрағаттық материалы ұсынылған.

Елбасы кітапханасы директорының орынбасары Күләйша Ахтаева көрменің

тек қана ересектерге ғана емес, жасөспірімдерге, балабақшаға барып жүрген бүлдіріштерде де арналғандығын айтып өтті. «Енді екі ай бойы музейде алматылықтар мен қала қонақтарына түрлі жоба ұсынылады. Мамандар тақырыптық экскурсия өткізіп, Тәуелсіздік тарихына қатысты тың тақырып жөнінде әңгімелейді. Әрі қарай көшпелі көрменің жұмысы өзге де өңірде жалғасады» – делі.

Көрмеге келген «Жас отан» жастар қанаты Алматы қалалық филиалының төрағасы Мәди Ахметов те көрмеден керемет әсер алғанын жеткізді. Ол «Мұндағы көптеген экспонатты, кітаптарды көріп, еліміздің мәдени мұраға бай екеніне тағы көзім жетті. Мұнда аяқ басқан кез келген жұрттың рухы жаңғырып, құлшынысыз кетпеуі мүмкін емес шығар, сірә! Өйткені

көрмеге қойылған дүниенің барлығы ертедегі қазақтың өмірінен сыр шертіп, болашағына мол сеніммен қарайтынын дәлелдей түседі» – делі.

Астандағы Елбасы музейінен 800 түпнұсқа қолжазба, сурет және жеке заты әкелінген. Көрмеде 140-тан астам экспонат, 30 мыңға жуық кітап бар. Ал оның ішінде Президенттің кітаптары 40-тан асады. Оның отызы басқа елдердің тіліне аударылған. Бұған қоса, «Құрандар коллекциясы» да осында. Сондай-ақ саясаткерлердің Қазақ елінің саяси ұстанымы мен ұлт көшбасшысы туралы жазған орамды ойын да осы көрмеге келіп, оқуға болады.

Көшпелі көрме Алматыда екі ай уақыт тұрады. Кейіннен Қарағанды мен Шымкент қалаларында жалғасады.

Салтанат ШЫРЫНХАН, Алматы қаласы

КӨРМЕ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында, Алматы музейінде «Туған жер мұрасы» қолөнер көрмесінің ашылуы болды.

Көрмені О.Тансықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі мен Жас суретшілер одағы бірлесі отырып, ұйымдастырған. Мұнда шығармашылықтың сан қырлы көрінісі арқылы еліміздің мыңжылдық тарихына үңіле аласыз. Қаншама ғасырлар бойы сақталып келе жатқан туған жер мұрасының қайта жаңғырғанын байқайсыз. Көрмеде ұсынылған дүниелер сырлы скифтер кезеңінен қазірге дейінгі дәстүрлі техникамен жасалған.

Алматы музейінің қызметкері Толғанай Маханбетали «Биылғы жыл жастарды қолдау жылы болып жарияланған болатын. Соған орай, қалада Жас суретшілер одағы ашылды. Бұл көрме сол одақпен бірлескен жоба болып табылады. Көрмеге жас өнерпаздардың 30-ға жуық жұмысы қойылған. Мұражайдың уақытша көрмесі 2 бөлмеден тұрады. Бірінші залында ертедегі түркілік кезеңді көрсететін экспонаттар қойылса, келесі бөлмеде жана замандағы

Шалабай келушілердің қызығушылығын оятатын бұл туындылардың тарихына тоқтала кетті. «Бұл біздің өнер колледжі студенттерінің оқу үрдісі кезінде жасаған шығармашылық жұмысы. Іріктеу кезінде арасынан өте жоғары деңгейдегі туынды тандап алынды. Сондай-ақ көптеген көрмеге қатысып, өздерінің орнын тапқан жұмыс деп айтуға болады. Өздеріңіз көріп тұрғандай, бұл жерде тоқыма, киізден жасалған бұйым, қыштан, ағаштан жасалған сән топтамасы ұсынылған. Бұл өнер түрі студенттер мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетеді. Біз кесте жұмысына тоқталар болсам, бұрынғы заманауи уақытта жоғалып кеткен жанр болатын. Монғолия, Қытайдан келген қандастарымыз ұмытпай алып келіп, қайта жаңғыруына септігін тигізді. Қазіргі уақытта шығармашыл қауым мен студенттеріміздің арасында үлкен орын алып жатыр» – делі.

Сондай-ақ колледж директоры сән топтамасына тоқталып өтті. Ол «Сән топтамасының ерекшелігі

Туған жерді тұғыр еткен

қаламыздағы нысандарымыз бен мәдени құндылықтарымызды айшықтайтын мәдени дүниелері жайғастырылды» – дейді.

Көрмеде этнографиялық бұйымдар, ағаштан ойылған мүсін, жүн және кестемен жасалған портрет көптеп кездеседі. Мұның барлығы ата-дәстүрден алшақтамай, дәріптеу мақсатында жасалғаны, жұмыстарының жүйелілігі көрініп-ақ тұр. Өйткені мемлекет



✓

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан

басшысы Н.Назарбаев тарихты жаңғыртпайынша, ешқандай жаңғыру болмайтынын ерекше айтып өткені есімізде. Сондай-ақ жастарымыздың жалынды екенін, таң қалдыра алатын дүние жасау қолынан келетінін дәлелдеп, соларға қолдау көрсету негізінде жүзеге асқан жоба.



Орал Тансықбаев атындағы Алматы сәндік қолданбалы өнер колледжінің директоры Сейтқали

дамып жатыр. Барлық дүниенің тек жақсы жағын алып, жаңғыртуға тырысамыз» – деп тоқталды.

Бұл көрмені Жас суретшілер одағының алдағы экспозицияларының тұсаукесері екенін де айтып өткен жөн. Жас суретшілер одағы қазақтың мәдени мұрасын насихаттау үшін құрылып, DEPO EVOLUTION PARK жастарға арналған Лофт орталыққа орналастырылған.

Жас суретшілер одағының директоры Кристина Бекмурзаева «Суретші-колөнершілердің шеберлігі мен уақыт кеңістігінде қайта жанданған бабалар үнін есту, өткенге орала отырып жасалған дүниелер» – деп өз пікірін білдірді. Ол «Келесі жылы сәндік қолданбалы өнер колледжі өзінің 80 жылдығын атап өткелі жатыр. Әрине, көп жылдық тарихы бар оқу орны қазақ мәдениетін дамытуға өз үлесін қосып келеді. Елбасымыз өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында мәдени мұрамызды әлемдік деңгейге жеткізуіміз қажеттігін айтқан. Болашаққа қадам баса отырып, тереңде жатқан түп-тамырымызды ұмытпай, қайта көтеругіміз қажет. Осы мақсатта жастарымыздың ескіні жаңартып, жаңаны жаңғырта отырып жасаған дүниелерін халыққа ұсынып отырымыз» – деп сөзін аяқтады.

Ұлжалғас БОРАНБАЙ, Алматы қаласы

СПОРТ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында «Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік рухында тәрбиелеу үшін қосымша қадамдар жасау қажет» – деп атап көрсетті. Соның ішінде бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын орнықтыру жолында Елбасы тапсырмасымен елімізде көптеген игі

қадам жасалынып жатыр. Солардың арасында Оңтүстік Қазақстан облысында дене шынықтыру мен спортты дамыту барысында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру бағытында тиісті жұмыс атқарылып келеді.

Бүгінгі таңда облыс бойынша спорттың 63 түрінен сайыс өтіп тұрады. Дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша 2399 жаттықтырушы еңбек етеді. Олар 53678 спортшымен күнделікті оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Осы жерде айта кетуіміз керек, бытыр осы мерзімде 81 спорт мектебі тіркелген еді.

Ауылдық жерлерде де спортты жан-жақты дамытуға көңіл бөлініп келеді. Барлық ауылда дерлік спортзалы мен аланы бар. 202 спорт нұсқаушысы тұрақты жұмыс істейді.

Ағымдағы жылдың 9 айында бұқаралық спортты дамыту мақсатында облыс бойынша 3060-тан астам спорттық іс-шара өткізіліп, оған 360,4 мыңнан аса адам қатысты. Ал 2015 жылы 4567 спорттық іс-шара өткізілген еді. 2016 жылы осындай шара саны 4849-ға жетті.



Дене шынықтыру мен спортты

дамытуға облыста жыл сайын қомақты қаржы бөлініп келеді. Айталық, 2015 жылы 8 млрд 581 млн 955 мың теңге, 2016 жылы 10 млрд 987 млн теңге бөлінді. Ал 2017 жылға 12 млрд 405 млн 17 мың теңге қарастырылған.

Елбасының 2010 жылы 29 қаңтарда Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2020 жылға дейін тұрғындардың 30 пайызын спортқа тарту керектігі міндеттелді.

Облыс аумағында спорттық инфрақұрылымды дамыту бойынша бірқатар жұмыс жүргізіліп келеді. Статистикалық мәліметке сүйенсек, 1990 жылы облыс аумағында 3290 спорт нысаны тіркелсе, 2017 жылы бұл 5369-ға жетіп, 1990 жылмен салыстырғанда спорт нысандары 2079-ға артқан.

Мәдениет және спорт министрлігінің ұсынысымен, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен соңғы 3 жылда салаға республикалық бюджеттен 70 пайыз, облыстық бюджеттен 30 пайыз артық қаржы қаралған. Бәйдібек,

Сарыағаш аудандары мен Арыс қаласында 965 млн 985 мың теңгеге дене шынықтыру-сауықтандыру кешендері салынды.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Әлібек Нұртаевтың айтуынша, 2017 жылдың 9 айында облыс спортшылары спорттың 63 түрі бойынша Қазақстан чемпионаттары, кубоктары мен біріншіліктеріне қатысып, 394 алтын, 385 күміс, 379 қола медаль жеңіп алған. Жыл басынан бері өткен Азия чемпионаттары мен кубоктарында облыс спортшылары 64 алтын, 45 күміс, 34 қола медальға қол жеткізген. Осы уақыт аралығында Әлем чемпионаттары мен кубоктарында Оңтүстікқазақстандықтар 23 алтын, 9 күміс және 28 қола медальға ие болды.

2017 жылдың 9 айында 21 халықаралық деңгейдегі спорт шебері, 116 Қазақстанның спорт шебері, 691 спорт шеберіне үміткер шықты.

Иә, оңтүстік топжарғандар тұрағы. Мұнда әлі талай әлемге танымал мықты спортшы шығатындығына күмән жоқ.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ, Оңтүстік Қазақстан облысы

Оңтүстік топжарғандар тұрағы



Өңірде жалпы орта білім беретін 1021 мектепте 7187 спорт топтары ашылып, оларда шұғылданып жатқан оқушының саны 271114 баланы құраған. Облыс мектептерінің 73,3 пайызы спорт залымен қамтылған. Соның ішінде ауыл мектептерінің үлес салмағы 63 пайыз. Облыс бойынша спортпен тұрақты айналысатын 3575 мүмкіндігі шектеулі азамат есепке алынған. 2007 жылы «Оңтүстік Қазақстан облысының мүгедектерге арналған кешенді мамандандырылған спорт мектебі» ашылды. Мұнда мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамға бейімделуіне қажетті барлық жағдайлар жасалынған.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Қатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2139; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 52 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.
---	---	--	---	--